



ШЫҰ: «ІРІЛЕР» КЕҢЕС ҚҰРҒАНДА...

Тамыздың соңы мен қыркүйектің алғашқы күндері әлем назары Қытайдың Тяньцзинь қаласына ауған-ды. Өйткені онда Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше елдер мемлекет басшыларының кеңесі мен «ШЫҰ плюс» саммиті өтті. Жиындарға Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысып, сөз сөйледі. Мемлекет басшысы Тяньцзиньдағы басқосуларда Қазақстанның баршамен тең деңгейде қарым-қатынас жасауды көздейтінін, бейбітшілікті жақтайтынын, өз даму жолып тапқан ел екенін тағы паш етті.

Негізі, Тяньцзиньдағы жиыннан бұрын Қасым-Жомарт Тоқаев Қытай Төрағасы Си Цзиньпинмен жеке кездесіп, өзара кеңескен еді. Кездесуде екі елдің өзара қарым-қатынасы, сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту жолдары жөнінде пікір алмасқан-ды. Мемлекеттер басшылары өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Сөйтіп, ірі басқосу алдында әркім өз позициясын анықтап алғандай көрінді. Өйткені ШЫҰ соңғы кездері канатын кенге жайып, нақты мақсаттарын айқындап алған

ұйымға айналып келеді. Оның үстіне, ұйым құрамында төрт бірдей ядролық держава – Қытай, Ресей, Үндістан мен Пәкістан бар. БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты 5 мүшесінің екеуі осы ұйымға мүше. ШЫҰ құрамындағы елдер халқының саны 3,5 млрд адамға жеткен. Яғни, әлемдегі барлық адамның тең жартысын құрайды. Ұйым елдері Еуразия құрлығының 65%-ын иеленіп, 35 млн шаршы шақырым аумақты алып жатыр. Бұл ұйымға мүше 4 мемлекет «ғарыш клубына» енген немесе өз күшімен ғарышқа жер серігін болса да ұшыра алған елдер қатарына қосылған. Әрі бұл ұйымның белді

мүшесі әрі осы жолғы жиынды ұйымдастырған Қытай мемлекеті экономикалық қуаты жағынан жаһанда АҚШ-тан кейінгі екінші орында тұр. Сондықтан ШЫҰ-ны жаһанның түрлі жерінде құрылған аймақтық ұйымдардың ішіндегі ең іргелісі деуге болады. Тіпті, бірқатар параметрі жағынан БРИКС-тен де озық тұр. Сөйте тұра, ұйым әзірге қандай да бір әскери-саяси блок болу ниетін таныта қойған жоқ. Бірақ бәрібір жаһандық саясатта салмағы бар екенін байқатып келеді. Ал Тяньцзиньдағы жиын осы саяси салмақты тағы көрсетті.

(Жалғасы 3-бетте)

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайға сапары табысты өтті. Ол шығыс көршінің Тяньцзинь, Бейжің қаласында өзге ел басшыларымен бірге ШЫҰ саммитіне және II Дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығының салтанатты іс-шарасына қатысты. Өз жұмыс кестесі аясында өзге де кездесу өткізді. Мемлекет басшысы айтқандай, бүгінде ҚХР – қазақ елінің тағдыр қосқан тату көршісі, жақын досы, мәңгілік стратегиялық серіктесі. Ал халықты байырғыдан ортақ тарих, сан-салалы байланыс пен өзара түсіністіктің мызғымас құндылықтары біріктіреді.

ӨЗАРА САУДА КӨЛЕМІ ЕКІ ЕСЕЛЕНБЕК

Қазақстан мен Қытай лидерлері араға небәрі 2 ай салып қайта жүздесіп отыр. Бұл қытай-қазақ қатынасының деңгейі жоғары әрі ерекше сипатта екенін көрсетеді. Осының алдында, 2025 жылғы 17 маусымда еліміздің Астанасында Қ.Тоқаевтың төрағалығымен екінші «Орталық Азия – Қытай» саммиті өткен-тін. Оған ҚХР, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан мен Өзбекстан басшылары да қатысты.

Бұл жолы 30 тамыздан 3 қыркүйекке дейінгі аралықты қамтыған, екі елдің дипломатиялық қарым-қатынас тарихындағы ең ұзағының бірі саналатын

бұл ресми сапар Қазақстан Президентінің ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен жеке келіссөздерінен басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР лидерінің тікелей қолдауымен қазақ-қытай қатынасы бұрын-соңды болмаған қарқынмен дамып жатқанын зор ризашылықпен атап өтті. Соның нәтижесінде, 2024 жылы екі ел арасындағы тауарайналым тарихи рекордтық көрсеткішке – 44 миллиард долларға жуықтады. Еске салсақ, 2018 жылы Қазақстан мен Қытай басшылары болашақта екі елдің өзара сауда-саттығын 20 миллиард долларға жеткізу міндетін қойған болатын. Содан бері бұл жоспар екі еседен астамға асыра орындалды.

(Жалғасы 2-бетте)

ПРЕЗИДЕНТ ӘСКЕРИ ПАРАДҚА БАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 80 жылдығына арналған әскери парадқа барды.

Мемлекет басшысы Екінші дүниежүзілік соғыстағы және жапон басқыншылығына қарсы күрестегі Жеңістің 80 жылдығына орай Бейжіңдегі Тяньаньмэнь алаңында өткен әскери парадты тамашалады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинмен бірге мінберде Еуропа, Азия,

Африка, Латын Америкасы елдерінің жиырмадан астам мемлекет, сондай-ақ үкімет басшылары болды.

Парадқа 10 мыңнан астам жауынгерді қамтыған Қытай халық азаттық армиясының 45 әскери құрылымы қатысты.

Салтанатты шеруде құрлықта, теңізде және әуеде қолданылатын стратегиялық қару-жарак түрлері алғаш рет көрсетілді.

Сонымен қатар 4-ші буын қаруының жана түрлері, ұшқышсыз ұшатын және ұшқышсыз аппараттарға қарсы қолданатын қорғаныс техникалары, бағытталған энергия қаруы мен басқа да ұрыс құралдары таныстырылды.



ЖАЗУШЫНЫҢ ЖАЗУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ



Астанада әдебиетсүйер қауымды қуантатын «Классик ұстаханасы» атты жоба басталды. Жоба Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының ұйымдастыруымен іске асып жатыр. Бұл жоба қазақ әдебиетінің классик қаламгерлерінің лекциясын тыңдап, көкейде жүрген сан сауалға жауап алуға мүмкіндік береді. Лекцияны Астана жұрты емес, елдің түкпір-түкпірінде жүрген кез келген жан тыңдай алады. Қарымды қаламгерлердің тұщымды әңгімесі, оқыған лекциясы таспаға жазылып, YouTube арнасында жарияланады.

→ 8

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ АЛТЫН АРҚАУЫ



→ 7

КҮЛКІ МЕН ШЫНДЫҚ ТОҒЫСҚАН КОМЕДИЯ



→ 8

4 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ МЫЗҒЫМАС ТҰҒЫРЫ

(Басы 1-бетте)

Қ.Тоқаев осы оң үрдіс биыл да сақталып отырғанын нықтап, экономикалық ынтымақтастық көрсеткіші ары қарай өсетініне сенім білдірді. Оған қосымша серпін беру үшін Мемлекет басшысы сапары аясында Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің отырысына қатысты, шын елінің бірқатар ірі компания басшыларымен жеке кездесті.

— Қытай — Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Ортақ ірі жобаларымыз жүзеге асырылып жатыр. Биыл Қазақстанда Қытай туризмі жылы екенін ерекше көңілмен атап өткім келеді. Екі елдің мәдени-гуманитарлық ықпалдастығын нығайтуға қолайлы жағдай жасалған. Соның жарқын мысалы — Қазақстанда «Лу Бань зертханасының» екінші және үшінші филиалы ашылды. Бейжіңде Қазақстанның мәдениет орталығын ашу туралы шешіміміз үшін Сізге зор алғыс айтамын, — деді Президент.

ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин Қ.Тоқаевқа ризашылығы мен ілтипатын білдіре келе, Бейжіңнің Қазақстан-Қытай жан-жақты әрі мәңгі серіктестігін тереңдетуге айрықша мән беретінін мәлімдеді.

— Халықаралық ахуал қалай құбылатынына қарамастан, Қытай мен Қазақстан бір-біріне әрдайым сенім артып, арқа сүйей алатын стратегиялық серіктестер! Екі ел тату көршілік және достық байланыстарға әрқашан бейіл. Біз ашықтық пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарынан айнамай, тағдыры ортақ көршілес елдер қоғамдастығын құру бағытын ұстанамыз. Түпкі мүддеміз бен басты түйткілерге қатысты мәселеде бір-бірімізге жан-жақты қолдау көрсетуге әзірміз. Сонымен қатар қазақ-қытай қатынасын мүддем жаңа деңгейге көтеру үшін сан қырлы ынтымақтастығымызды кеңейтуге ниеттіміз, — деді Си Цзиньпин.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, инвестициялық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту жолдары қарастырылды. Тауар айналымын ұлғайтудың және көлік-логистика, энергетика, цифрландыру, жасанды интеллект, ауыл шаруашылығы саласында ірі инвестициялық жобаларды іске асырудың маңызына назар аударылды. Мемлекеттер басшылары сондай-ақ өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Айта кету керек, қос көрші арасындағы сауда-саттық көлемі қазіргі 44 миллиардтық (\$43,8 млрд) межемен тоқтап қалмайды. Қазақстан мен ҚХР 2030 жылға қарай өзара тауарайналымды екі еселеуді жоспарлап қойды. Бұл туралы айтқан Сауда және интеграция министрі Арман Шақалиевтің мәлімдеуінше, осы биік мақсатқа жету үшін «Бір белдеу — бір жол» бастамасы аясында шекара маны саудасын дамытудың бірлескен іс-қимыл жоспары мен Жол картасы жүзеге асырылып жатыр. Бұл Қазақстанның транзиттік әлеуетін айтарлықтай арттырып, екі ел экономикасының өзара байланысын күшейтуге жол ашады.

Қазақстан шикізаттық емес экспортты және қосылған құны жоғары өнімдерді ілгерілету мәселесіне ерекше назар аудармақ. Осының алдында «Орталық Азия — Қытай» астаналық екінші саммиті аясында Сауда және интеграция министрлігі мен ҚХР Коммерция министрлігі электронды сауда саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойғанын. Сондай-ақ ірі қытайлық онлайн-платформаларда Қазақстанның ұлттық павильондарын кеңейту ұсынылды. Бұл келісім электронды сауданы жаңа деңгейге көтеріп, екі елдің өзара тиімді әріптестігін дамытуға ықпал етеді деп күтіледі.



Қытай тарапы қолдаған бағыттың бірі — өңірлік ынтымақтастықты дамыту. 2024 жылдың басынан Қазақстан ҚХР-дің Нанкин, Чэнду, Үрімші, Сиань, Чунцин, Гуанчжоу қаласында 6 сауда миссиясын ұйымдастырды. Министр А.Шақалиев Қытайдың өзге ірі өңірлерінде Қазақстанның сауда өкілдігін ашу жоспары барын жеткізді. Мысалы, екі ел қазақстандық рапс майы, құрама жем ұны мен арпаны жалпы құны 45 млн доллар болатын көлемде жеткізу туралы нақты уағдаласты. Бұған қоса, қытайлық компаниялар қазақстандық қытырлақ нанға, табиғи шырынға және құрғақ түйе сүтіне қызығушылық білдірді.

Көлік-транзит саласы да екі елдің ынтымақтастығына қарқын береді. Бүгінде Қазақстан басты транзиттік дәліз ретінде Қытайдан Еуропаға баратын жүктің 85%-ға жуығын қабылдайды. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы мен Транскаспий дәлізі аясында 2030 жылға дейін жүк тасымалын жылына 10 млн тоннаға жеткізу жоспарланған. Сауда және интеграция министрлігінің мәліметінше, тәуелсіздік алғалы Қазақстанға 26,4 млрд доллар қытайлық инвестиция тартылды. Қазір құны 66 млрд доллардан асатын 224 бірлескен индустриялық жоба іске асырылып жатыр, оның 67-сі толық аяқталған. Бұл — өзара сенім мен ұзақмерзімді серіктестіктің айқын көрсеткіші.

ИНВЕСТИЦИЯ — ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ БЕРІК ТІРЕГІ

Өзара сауда-экономикалық әрекеттестіктің теңдессіз жоғарғы екпініне екпін қосылуы үшін Қ.Тоқаев қытай бизнесіне Қазақстанның инвестициялық әлеуетін өзін таныстырды. Ол 2 қыркүйекте Қазақ-қытай іскерлік кеңесінің 8-ші жиынында сөз сөйлеп, екі елдің инвестициялық ықпалдастығы ұдайы кеңейіп келе жатқанына назар аударғанын.

— Қытай Қазақстан экономикасына 27 миллиард доллар инвестиция салды. Бұл, шын мәнінде, өте жақсы үдеріс. Сондықтан осы жұмыс табысты түрде жалғасалы деп толық сеніммен айтуға болады. Біздің елімізде қытай капиталы бар 6 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында CNPC, CITIC, SINOPEC, HUAWEI сияқты әлемдік деңгейдегі мықты корпорациялар бар. Бұдан бөлек, ірі және орта бизнес өкілдері жұмыс істейді. Біз барлығына

ерекше көңіл аударып жатырмыз. ҚХР Төрағасы, қадірлі досым Си Цзиньпин мырзамен бірге көпсалалы қазақ-қытай ынтымақтастығын дамыту үдерісін үнемі бақылап отырмыз, — деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Ол қытай лидерімен өткен келіссөздер нәтижесін өте жоғары бағалай келе, төл ресми сапары тиімді, ойдағыдай өткенін қадап айтты. Президент Қазақстанда инвесторлардың құқығы мен мүддесін қорғау үшін қолайлы жағдай жасалып жатқанын атап өтті. Осы мақсатта Ұлттық цифрлық инвестициялық платформа енгізілді. Инвестициялық штаб жұмыс істейді. Бұл құрылым шұғыл шешім қа-

ның көлік-транзит саласындағы жобаларға қатысуына мол мүмкіндік бар.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ — КЕЛЕСІ БАСЫМДЫҚ

Атырау облысында қытайлық Sinopec компаниясымен бірлесіп, полиэтилен шығаратын зауыттың құрылысы басталды. Оның өндірістік қуаты — жылына 1 миллион 250 мың тонна өнім. Зауыт құрылысына 7,4 миллиард доллар қаражат салынбақ. 2030 жылға қарай қытайлық CNPC қатысуымен Шымкент МӨЗ-ін жедел жаңғырту арқылы зауыт қуатын



былдап, инвесторларға жан-жақты мемлекеттік қолдау көрсетеді. Биыл маусымда ҚХР Төрағасының Қазақстанға сапары барысында Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісімге қол қойылды.

Қ.Тоқаевтың пікірінше, екі ел арасындағы визасыз режим де іскерлік байланыстарды кеңейтуге тиімді ықпал етеді. Қолда бар мүмкіндіктерді толыққанды пайдалану қажетін мәлімдей келе, ол өзара ынтымақтастықты жандандырудың бірқатар басым бағытына тоқталды.

— Қытай мен Еуропа арасында құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 85%-ы біздің жеріміз арқылы өтеді. Биыл «Достық — Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылады. Соның арқасында Қазақстан арқылы өтетін «Қытай — Еуропа» транзит дәлізінің жүк өткізу мүмкіндігі 5 есе артады. Сонымен бірге Қазақстан Транскаспий халықаралық көлік бағдарының әлеуетін кеңейтуге барынша атсалысады. Былтыр осы бағытта бойынша 4,5 миллион тонна жүк өткізілді. Бұл — алдыңғы жылғыдан 62% артық. Алдағы уақытта бұл көрсеткішті 10 миллион тоннаға жеткізуді көздеп отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Каспийдегі Ақтау және Құрық порты арқылы тасымалданатын жүктің көлемі белсенді түрде артып келеді. Бүгінде Ляньюньган портындағы қазақ-қытай логистика терминалы және Сианьдағы құрғақ порт қызмет етеді. Президенттің пайымдауынша, қытай компаниялары-

жылына 6 млн тоннадан 12 млн тоннаға дейін арттыру жоспарланған.

«ҚазМұнайГаз» басқарма төрағасы Асхат Хасеновтің мәліметінше, КМГ барлық бағытта қытай компанияларымен тиімді ынтымақтастық орнатты: «Биылдың өзінде геологиялық барлауда Sinopec компаниясымен БКО-дағы Березовский кенорны, CNOOC-пен Атырау облысындағы Жылыой учаскесі бойынша келісімшарт жасасты. Ал CNOOC компаниясымен бірлесіп, Каспийдегі Достық учаскесін зерделеу жұмысы жүргізілуде. Қытайлық серіктестер Атырау облысындағы Береке және Ұлытау облысындағы Шу—Сарысу сияқты басқа да перспективалы геологиялық жобаларға қызығушылық танытты», — деген А.Хасенов бұл тарапта жаңа инвестиция тартуға мол мүмкіндік барына сенімді. Себебі елде 15 шөгінді алабының ішінен тек 5-еуінде мұнай-газ өндіріледі. КМГ басшысы қытайлық компанияларды ірі жаңа учаскелерді зерттеуге шақырды.

Қазақстан жаңартылатын энергетикамен де айналысады: China Power International Holding пен China Energy сияқты жетекші қытай компаниясының қатысуымен бірқатар жоба қолға алынбақ. Энергетика саласындағы тағы бір маңызды жоба — Маңғыстау облысындағы бұғаз қондырғысының құрылысы. Қуаты 160 мегаватт болатын жоба China Huadian Corporation-мен бірге жүзеге асырылады.

Осы орайда Қасым-Жомарт Кемелұлы ҚХР Мемлекеттік кеңесінің бірінші

вице-премьері Дин Сюэсянмен бірге бейнебайланыс арқылы Жамбыл облысында жел генераторына арналған қосалқы бөлшектер шығаратын зауыттың алғашқы кешенін салтанатты түрде іске қосты.

Мұның сыртында Қ.Тоқаевтом энергетикасы саласына қытай технологиясын тартуға және осы бағытта білікті мамандар даярлауға мүдделі екенін жеткізіп, аталған саладағы ынтымақтастық мәселесі Си Цзиньпинмен кездесуде егжей-тегжейлі талқыланып отырғанын хабарлады.

— Екі ел осы салада стратегиялық серіктес болуы керек деп уағдаластық. Біз бұл жұмысқа CNNC компаниясын тартуды көздеп отырмыз. SANY компаниясы да нарығымызда белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Дәстүрлі қуат көздерін дамыту — елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі жолы, — деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, бүгінде Қазақстан тау-кен металлургиясы кешенін дамыту үшін стратегиялық маңызды бірқатар жобаны жүзеге асырады.

— Бұл іске Қытайдың ірі компаниялары атсалысуда. Мысалы, Fujian Hengwang Investment-тің Жамбыл облысындағы 3 миллион тонна болат өндіретін металлургия зауытын салу жобасын атап өтуге болады. Jiaxin International Алматы облысындағы Бұғыты кенішінде вольфрам кенін өңдеу жобасын іске қосты. Құрылыс индустриясында қытайлық кәсіпкерлермен табысты байланыс орнады. China Glass Қазақстан үшін теңдесі жоқ шыны зауытын тұрғызды. Жакында Алматыда жылына 120 мың көлік шығаратын мультибрендті зауыт іске қосылады. Алматыда электробус шығаратын BYD зауыты құрылмақ, — деді Президент.

Ол ауыл шаруашылығы саласындағы тиімді ынтымақтастықты нығайтуға орасан зор мүмкіндік барын, ҚХР нарығы еліміз үшін өте маңызды екенін жеткізді. Қазақстан оған жылына 2 млн тоннадай

астық экспорттай алады. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу өнеркәсібі бірлесіп дамыту да ерекше маңызды. Бұл тұрғыда Dalian Group-тің Акмола облысында бидайды терең өңдейтін кәсіпорын ашу бастамасы толық қолдау тапты. Fufeng Group-тың Жамбыл облысындағы жүгері өңдеу жобасы құпталды. Зауыт өнімдері Қытай мен Еуропаға экспортқа жіберіледі. Қ.Тоқаев қытайлық кәсіпкерлерді органикалық және жоғары сапалы мал шаруашылығы өнімдерін шығаруға белсене қатысуға шақырды.

Мемлекет басшысы цифрландыру саласындағы Қытайдың жетістіктеріне тамсанды және осы бағытта тығыз байланысуға ниет білдірді. Қазақстанда цифрлық экономиканы дамытудың жүйелі шаралары қолға алынды. Биыл Қазақстанда аймақтағы алғашқы суперкомпьютер іске қосылды. Alem.AI халықаралық жасанды интеллект орталығы ашылды.

Қазақ-қытай іскерлік кеңесі қорытындысында жалпы құны 15 млрд доллардан асатын 70-тен аса коммерциялық құжатқа қол қойылды. Президенттің шын еліне бұл сапары Қазақстан-Қытай ынтымақтастығын жаңа деңгейге шығаруға септігін тигізеді. Жетістіктің бәрі қос көршінің өзара сенімі мен түсіністігінің, татулығы мен серіктестігінің нығаюына әрі бейбітшілік пен тиімді ықпалдастық мүдделеріне жұмыс істейді.

Айхан ШӘРІП

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ШЫҰ: «ІРІЛЕР»
КЕҢЕС ҚҰРҒАНДА...



Амангелді ҚҰРМЕТ
(Басы 1-бетте)
**КОППОЛЯРЛЫ
ӘЛЕМНІҢ ІРГЕТАСЫ**

ШЫҰ мемлекет басшыларының кеңесі мен «ШЫҰ плюс» саммитінің жалпы мазмұнына үнілер болсақ, ұйымға мүше мемлекеттердің басым бөлігі геосаясатта «ағалық» болмауы керек деп санайтын тәрізді. Әр елдің өз даму бағытты, халқының таным-түсінігі, өзіндік ішкі саясаты бар екенін өзгелердің мойындап, қабылдағаны керек дейтін ұстаным байқалады. Өзара әріптестік тең құқылы деңгейде болуы керек. Айталық, Қазақстан алыс-жақын шетелдермен ынтымақтастық орнатарда алдымен өз мүддесін көздейді әрі түрлі шиеленісті БҰҰ жарғысы аясында, дипломатиялық жолмен шешуді жактап келе жатқан ел. Барлық әріптеспен тең деңгейде араласқанды құп көреді. Әскери жанжалдарда қандай да бір тарапты қолдауға ниетті емес. Сондықтан ШЫҰ қатарлы аймақтық ұйымдардың ішіндегі тең әріптестіктен, байсалды, жан-жақты ойластырылған саясаттан үміт күтеді әрі мұндай ұстанымды жактайды. Мұны Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың сөздерінен де байқауға болады. Мемлекет басшысы ШЫҰ-ны әлемдік қауымдастық тиімді, ықпалды әрі қажетті халықаралық құрылым ретінде танитынын атап өтті.

— Қазақстан ШЫҰ-ның теңгерімді көпполярлі әлемдік тәртіп орнату, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттердің ішкі ісіне араласпау және егеменді даму құқығын мойындау, сондай-ақ әділ халықаралық сауда мен өзара тиімді инвестициялық ынтымақтастық секілді басты мақсаттарын толық қолдайды. Ұйымның басым міндеттері жаңа технологиялық дәуірде халықтарымыздың әл-ауқатын, қауіпсіздігін және орнықты дамуын қамтамасыз етуді көздейді. ШЫҰ жарғылық құжаттарының негізгі қағидаттарын берік ұстана отырып, Қазақстан «үш зұлымдыққа», яғни терроризмге, сепаратизмге және діни экстремизмге қарсы күресте күш-жігер біріктіруді өте өзекті санайды. Біз жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздік мүддесі үшін халықаралық ынтымақтастық нышанына айналған «Шанхай рухын» одан әрі ілгерілетуді қуаттаймыз, — деді Мемлекет басшысы. Осылайша, Қазақстан Президенті әріптестіктің «аға-інісіз» болғанын жактайтынын байқатты. Әрі «үш зұлымдықтың» бірі ретінде сепаратизмді атай отырып, БҰҰ қарарларына құрмет көрсетуді, әр елдің аумақтық тұтастығын жактауды жалғастыра беретінін аңғартты. Соның өзінде БҰҰ мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидаты бірінші орынға шығып, басымдыққа ие болғанын мензеп отырса керек. Президент бұл ұстанымын 2020 жылдың қазанында нақты түсіндірген еді.

— «Бітпейтін» немесе «ұзаққа созылған» деп танылған аймақтық қатығыстар БҰҰ Жарғысының қазіргі халықаралық құқықтың сайнап көзі және негізі болып табылатын басты екі қағидатының арасындағы түбегейлі қарама-қайшылықтарды айқындады. Бұл — мемлекеттердің аумақтық тұтастығы мен ұлттардың өз тағдырын өзі тандау құқығы. Соңғы қағидат мемлекеттер тәуелсіздік алып, отарлықтан құтылған кезде өте өзекті бола түсті. Қазірге дейін әлем өзінің даму бағытын анықтады. Сондықтан бүгінде мемлекеттердің аумақтық тұтастығы қағидаты бірінші орынға шығып, басымдыққа ие болды, — деген еді сол кезде.

Сөйтіп, аумақтық тұтастық мәселесінде Қазақстанның ұстанымы мызғымас күйде қалғанын аңғартты. Одан бөлек, әлбетте терроризм мен діни экстремизмнің де қауіпті екенін еске салды.

Жалпы, ШЫҰ мемлекет басшылары кеңесінде Қасым-Жомарт Кемелұлы қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтудың маңыздылығын айрықша атап өтті. Оның айтуынша, халықаралық терроризм, діни экстремизм, есірткі тасымалы, зансыз көші-қон, киберқылмыс және басқа да деструктивті үрдістер дендеп тұрған уақытта бұл бағыттың мәні арта түседі.

«Халықаралық қауіпсіздікке төнген мұндай сын-қатерлерге, соның ішінде «үш зұлымдыққа» қарсы бірлесіп қана күресе аламыз. Сондықтан Қазақстан ШЫҰ-ның қауіпсіздік сын-қатерлерімен күрес жөнінде төрт орталық құру бастамасын қолдайды. Шанхай ынтымақтастық ұйымы мен Азиядағы өзара сенім шаралары жөніндегі кеңес арасында іскерлік байланыстарды күшейту маңызды деп ойлаймыз. ШЫҰ елдерін Ауғанстанға гуманитарлық, техникалық көмек көрсетуді жалғастыруға шақырамын. Сол арқылы аталған мемлекетті қалпына келтіріп, өңірлік және экономикалық процестерге қатыстыра аламыз. Қазақстан Ауғанстанның біркатар инфрақұрылымдық және логистикалық жобаларының құрылысына кірісті. Бұл ШЫҰ мемлекеттері арасындағы өзара байланысты күшейтуге мүмкіндік береді. Тамыз айының басында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас хатшысының қатысуымен Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталық ресми түрде ашылды. ШЫҰ-ға қатысушы мемлекеттерге барлық басым бағытта белсенді аймақтық байланыс орнату және күш-

дегі үлесі екі есе ұлғайып, 30 пайызға жетті. Ішкі өңірлік сауда да өсіп, былтыр оның көлемі 650 миллиард доллардан асыпты. Қазақстанның ШЫҰ елдерімен тауар айналымы да тұрақты түрде өсіп, былтыр 70 миллиард долларға жуықтаған.

Президент көлік-транзит саласындағы серіктестікті нығайтуды тағы бір басымдық ретінде атады. Мемлекет басшысы 150-ден астам елдің қолдауына ие болған «Бір белдеу, бір жол» мегажобасының зор әлеуетін атап өтті. Сонымен бірге «ТрансАлтай диалогы» бастамасының жүзеге асырылуына үлкен үміт артатынын атап өтті.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары технологиялар және цифрландыру саласындағы ынтымақтастықты жандандыру қажеттігіне назар аударды. Оның айтуынша, бұл істі кейінге қал-

тартылуына, мұздықтардың еруіне және басқа да экологиялық мәселелерге қарсы күрес стратегиясын бірлесе әзірлеу өзекті. Сондықтан Қазақстанда Шанхай ынтымақтастық ұйымының Су мәселелерін зерттеу орталығын ашуды қолдаймыз», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Біздің пайымдауымызша, ШЫҰ стратегиясының ішінде дәл осы мәселе күн өткен сайын өзекті бола түседі. Эколог мамандардың болжауына қарағанда, Орталық Азия өңірі келешекте су тапшылығының зардабын тартуы ықтимал аймақтардың қатарына кіреді. Сондықтан оның алдын алуға қазірден қамдану қажет. ШЫҰ аясында арнайы орталық ашуды қолдау арқылы Қазақстан Президенті келешекте төнуі мүмкін қатердің алдын алуды көздеп отырса керек. Әрі дәл осы экология мәселесінде «оңаша бұзау» болмайтынын түспалдады.



«ШЫҰ ПЛЮС»: АСТАНАДА
БАСТАЛҒАН ФОРМАТ

Тяньцзиньдағы өткен келесі саммиттің тақырыбы «Көпжақты ынтымақтастықты дамыту, өңірлік қауіпсіздік пен орнықты дамуды қамтамасыз ету» деп аталды. Бұл былтыр Астанада бастау алған «ШЫҰ плюс» форматының жалғасы еді. К. Тоқаев саммитте сөйлеген сөзінде, ұйымның халықаралық қоғамдастықтағы өз позициясын айтарлықтай күшейткенін атап өтті. Көптеген мемлекеттің қызығушылығы артқан ұйым қазіргі заманның өзекті проблемалары жөніндегі нәтижелі пікір алмасу алаңына айнала бастады.

«Әлемдегі үрейлі үрдістерді ескерсек, мұның маңызы өте зор. Ол қауіп-қатерлер башпанызға мәлім. Бұл мәселені қайта айтудың мәні жоқ. Әйтсе де, бір жайтты атап өткім келеді. Аталған жағдайдың себебі мен салдары ұқсас. Яғни, өзара сенім мен әлемдік тәртіптің келешегіне жауапкершіліктің жоқтығы, көпжақты дипломатия мен халықаралық ұйымдардың әлеуетін жете бағаламау осындай ахуал қалыптастырды. Бір нәрсе анық, ешқандай ел қазіргі сын-қатерлерді жалғыз өзі еңсері алмайды. Менің пайымдауымша, мұндай қиын кезеңде Шанхай ынтымақтастық ұйымының күн тәртібі жасампаз әрі он сипатта болуға тиіс. Ұйым қатығыс жағдайларын шешуге, әлемді қорғап, мемлекеттердің орнықты дамуына жол ашатын жаһандық диалогты күшейтуге бағытталған стратегиялық шешімдер әзірлеуі керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың пікірінше, бірлескен күш-жігер жұмылдыру арқылы қарулы қатығыстардың ұшығуына жол бермеу қажет. Әрі БҰҰ-ны реформалау қажет екенін айтты. «Қазіргідей өте күрделі геосаяси жағдайда БҰҰ-ны әмбебап



жігерді үйлестіру үшін аталған Орталықтың әлеуетін бірлесе пайдалануды ұсынамыз», — деді Президент.

«СУДЫҢ ДА СҰРАУЫ» ОРТАҚ

Одан бөлек, Қазақстан Президенті ШЫҰ даму банкін құру жөніндегі Қытайдың бастамасына қолдау білдірді. Астана халықаралық қаржы орталығы базасында перспективті инвестициялық жобаларды сүйемелдеп, зангерлік, консалтингтік және қаржылық компанияларды шоғырландыратын ШЫҰ Кеңесін құруды ұсынды. Әрі ШЫҰ аясындағы сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастыққа тоқталды. Оның айтуынша, ұйым құрылған сәттен бері мүше елдердің әлемдік ішкі жалпы өнім-

әрі тәуелсіз құрылым ретінде қолдауымыз керек. Осы орайда БҰҰ-ны, ең алдымен, оның басты органы — Қауіпсіздік Кеңесін реформалайтын уақыт келді. Бұл міндетті орындаудың қиын екенін жақсы түсінеміз. Алайда басқа жол жоқ. Егер бүгінгі басшылар бұл істі атқарудан бас тартса, мемлекеттер БҰҰ-ға сенімін біржолата жоғалтуы мүмкін», — деді Президент.

«ШЫҰ плюс» саммитінде қаржылық, экономикалық, инвестициялық және технологиялық ынтымақтастық қатарлы көптеген мәселе талқыланды. К. Тоқаев КХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Жаһандық басқару бастамасы саммитінде (Global Governance Initiative) халықаралық қоғамдастықтың даму перспективасына қатысты көтерген ұсынысына жоғары баға беріп, оның ұзақмерзімді сипатына назар аударды.

Сондай-ақ Президент климат мәселесіне тағы да айрықша назар аударды. Соның ішінде Каспийдің тағдырына алаңдаушылық білдірді.

«Бүгінгідей беделді форум аясында өте шетін, дегенмен күрделі мәселеге тоқталғым келеді. Бұл Каспий теңізінің мүшкіл халі. Жағдай экологиялық апатқа ұласуы мүмкін. Аталған проблема ШЫҰ аясындағы ұзақмерзімді консультацияның бастым бағытына айналғаны жөн. Осы себепті бүгін Астанада ШЫҰ жанынан Су проблемасын талдау орталығын құру туралы ұсыныс айттым. Таяуда Алматыда БҰҰ Бас хатшысының қатысуымен БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған өңірлік орнықты даму орталығы ашылды. Бұл біздің көпжақты дипломатияға бейіл екенімізді көрсетеді. Орталық сәтті пайдаланып, барлық серіктестерге Өңірлік экологиялық саммитті келесі жылы сәуір айында Астанада өткізу туралы шешім қабылданғанын хабарлаймын», — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

САРАПШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Сөз басында айтқанымыздай, Тяньцзиньдағы басқосуларға әлем назар аударып, түрлі сала маманы мен сарапшы өз пікірлерін білдіріп жатыр. Әлбетте, әркім өз елінің мүддесі тұрғысынан баға берері сөзсіз. Қазақстандық мамандар да ШЫҰ мемлекет басшылары кеңесі мен «ШЫҰ плюс» саммитінде айтылған ұсыныстарды талқылап жатыр. Айталық, шығыстанушы Жанат Момынқұлов Си Цзиньпиннің жаһандық басқару бастамасы Қазақстанның сыртқы саясатымен үндес екенін айтты.

Бір сөзбен айтқанда, ШЫҰ-ның Қытайда өткен 25-ші саммиті сарапшыларға әлі де біраз уақыт «азық» болатын түрі бар. Ал біз Қазақстан халықаралық ұйым жұмысының күшеюінен ұтпаса, ұтыла қоймайды деп пайымдадық.

Жанат МОМЫНҚҰЛОВ,
шығыстанушы, ЕҰҰ оқытушысы

Қытайдың бұл жаһандық басқару бастамасы — Си Цзиньпиннің жаһандық даму, қауіпсіздік және өркеніет тақырыбындағы алдыңғы ұсыныстарының қисынды жалғасы. Оның қағидаттары сырттай алғанда халықаралық құқық пен БҰҰ нормаларына сүйенеді. Жаңалық деңгейі аса жоғары болмаса да, бастама Қытайдың әлемдік тәртіпті қалыптастырудағы рөлін күшейтуге бағытталған және оны Азиядағы ықпалды ойыншы әрі Глобалды Оңтүстіктің қорғаушысы ретінде көрсетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар бұл бастама Қытайдың АҚШ-тың гегемонизміне, сауда соғыстары мен тариф саясатына, АҚШ пен ЕО-ның протекционистік шараларына және Тынық мұхиты аймағындағы КХР-ды тежеуге бағытталған одақтарға қарсылығын білдіретін құрал ретінде де қарастырылуы мүмкін. Алайда мұны БҰҰ немесе ДСҰ сияқты институттарды алмастыру таппынысы деп емес, Қытайға ең көп пайда әкелген әлемдік сауда жүйесіндегі тең және кедергісіз экономикалық ынтымақтастық дәуірін қалпына келтіруге ұмтылыс ретінде бағалауға болады.

Қазақстан үшін бұл бастама көпжақты дипломатияны нығайту, инвестиция тарту және көлік-логистика дәліздерін дамытуға жаңа серпін беруі ықтимал. Мемлекеттердің тең құқықтылығы қағидаты Тоқаевтың сыртқы саяси ұстанымдарымен үндес келеді, бірақ оның нақты іске асу тетіктері анық емес.

Сонымен бірге ойланарлық тәуекелдер де бар: бастама Қытайдың құрлықтағы және теңіздегі ықпалын арттыру құралына айналуы мүмкін, ал Қытай мен Батыс арасындағы шиеленістер Қазақстанды геосаяси қосым аймағында қалдыру қаупін туғырады. Бастаманың толыққанды іске асуына қатысты институционалдық белгісіздік те сақталып отыр.

Қазақстан осындай жағдайда көпвекторлы саясатын сақтап, халықаралық құқық пен теңгерімді ынтымақтастықты қолдау арқылы өзінің дербес дипломатиялық ұстанымын нығайта алады. Астана келіссөздер алаңы, көлік-логистика торабы және бейбіт бастамалардың орталығы ретіндегі тәжірибесін пайдаланып, бастаманың конструктивті элементтерінің дамуына үлес қосуы мүмкін.

Қорытындылай келе, Қытайдың бұл бастамасы Қазақстан үшін жаңа дипломатиялық маневрлер мен мүмкіндіктерге жол ашса да, ұлттық мүдде, рухани тұтастығы мен болашағы және көпвекторлы тәуелсіз саясатты сақтаудың маңызы арта түседі.

4 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

ОТЫРЫС

ПАРЛАМЕНТТІҢ ТӨРТІНШІ СЕССИЯСЫ АШЫЛДЫ

Палаталардың бірлескен отырысында VIII шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші сессиясының ашылуы өтті.

Іс-шараға Парламенттің қос палатасының спикерлері мен депутаттары, Премьер-Министр мен Үкімет мүшелері, Мемлекеттік кеңесші, Конституциялық сот пен Жоғарғы сот төрағалары, Президент Әкімшілігінің, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардың басшылығы қатысты.



МӘЖІЛІС



КӨШІ-ҚОН САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ

Палата Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Мәжілістің VIII шақырылымдағы төртінші сессиясының бірінші жалпы отырысы өтті. Онда депутаттар Армения үкіметімен арадағы көші-қон саласындағы ынтымақтас-тық және сапарлар мен азаматтардың болу тәртібі туралы келісімдерді ратификациялады.

Құжаттар жөнінде Ішкі істер министрі Ержан Сәденов баяндама жасады. Ол Қазақстан мен Армения үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ереванға ресми сапары аясында 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойылғанын және оны Армения ратификациялағанын айтты.

Келісімде бір ел аумағында орналасқан екінші ел азаматтары және көші-қон заңнамасының анықталған бұзушылықтары туралы статистикалық мәліметпен, ақпаратпен алмасу қарастырылған. Бұл ақпарат елдерге қос азаматтықпен күресу және заңсыз көші-қон арналарының жолын кесу үшін қажет.

— Қазір заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық және өзара ақпарат алмасу 1998 жылғы 6 наурыздағы ТМД-ға мүше мемлекеттердің заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастығы туралы қолданыстағы келісімнің негізінде жүзеге асырылады. Оның нормалары жалпы сипатта болатынын ескере отырып, мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық негіздерін жанарту қажеті туындады. Қарастырылып отырған келісім тараптарға еңбек ресурстарын тарту саласында мемлекеттік орган мен шаруашылық жүргізуші субъекті арасындағы ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндік береді, — деді жұмыс тобының жетекшісі Дмитрий Колода.

Қазақстан тарапынан құзырлы органдар Ішкі істер министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Армения жағынан — Полиция және Ішкі істер министрлігінің Көші-қон және азаматтық қызметі болады.

Сондай-ақ 2024 жылдың 15 сәуірінде Ереван қаласында азаматтардың сапары мен елде болу тәртібі туралы келісім жасалды. Оның аясында Қазақстан мен Армения азаматтары екінші елде 30 күн болған соң полицияда тіркелуге міндеттеледі. Бүгінде олар полицияның белгісіз 90 күнге дейін тұра алады. Бұл норманы енгізу көші-қонды бақылаудың тиімділігін арттырады.

— Сондай-ақ Келісімде, ұлттық заңнамаға сәйкес, 90 тәуліктен астам елде болу мерзімін

ұзарту мүмкіндігі көзделген. Ол үшін уақытша тұруға рұқсат алу жеткілікті. Осылайша, екі жақ үшін визалық режим алынып тасталды, — деді Ішкі істер министрі Е.Сәденов.

Сонымен қатар жұмыс тобының жетекшісі Дмитрий Колода уақытша тұруға рұқсат алу үшін жұмыс, емделу, оқу, отбасын құру, кәсіппен айналысу негіз болатынын атап өтті.

Бұл ретте шетелге шығуға арналған құжаттар тізімі кеңейтіледі. Енді оған Қазақстан азаматтары үшін жеке куәлік және Армения азаматтары үшін жеке сәйкестендіру кіреді. Осылайша, қазақстандықтар Арменияда ішкі құжатпен жүре алады. Бұрын мұндай ережелер тек Ресей мен Қырғызстанға бару үшін жарамды болатын.

Сондай-ақ Мәжіліс комитеттері жаңа заң жобаларын жұмысқа қабылдады. Олар: «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңға және Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске сайлауды жетілдіру мәселелері жөніндегі ілеспе түзетулер; 2026-2028 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы; республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық манызы бар қалалар, астана бюджеттері арасындағы 2026-2028 жылдарға арналған жалпы сипаттағы трансферттердің көлемі туралы заң жобалары. Сондай-ақ Цифрлық кодекс жобасы мен оған ілеспе түзетулер; «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңға енгізілетін түзетулер; Қырғызстанмен және Мароккомен бірқатар халықаралық шартты ратификациялау туралы заң жобасы да бар.

Бұдан бөлек, өкілеттігін тоқтатқан «Ақ жол» партиясы фракциясының мүшесі Ержан Бейсенбаевтың орнына Олжас Нұралдинов Мәжілістің жаңа депутаты атанды. Бүгін ол Мәжіліс депутаты ретінде ант қабылдап, Қаржы және бюджет комитетінің құрамына сайланды.

Жалпы, отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 12 депутаттық сауал жолдады. Олар Мәжілістің ресми сайты мен Telegram арнасында жарияланды.

Әмина МҰХАНБЕТ

«АМАНАТ» АТҚАРҒАН ИГІ ІС

Жаңа оқу жылының қарсаңында «АМАНАТ» партиясы «Бақытты отбасы» жобасы аясында 16 жыл қатарынан «Баланы мектепке дайындайық!» республикалық қайырымдылық акциясын өткізуде. Бұл игі дәстүр жыл сайын балаларын мектепке дайындауда қаржылай көмекке зәру отбасыларды қолдау мақсатында ұйымдастырылады.

Биыл 26 мыңнан астам көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы 49 500 бала көмек алды. Оларға оқу құралдары салынған сөмкелер, мектеп формасы және басқа да қажетті заттар табысталды. Соңғы үш жылдың ішінде аталған акция аясында 130 мыңнан астам оқушыға қолдау көрсетілді.

«АМАНАТ» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек атап өткендей, балаға деген қамқорлық болашаққа салынған инвестиция.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, адал азамат дәл мектеп қабырғасында қалыптасады. Біздің партияның міндеттерінің бірі — әрбір баланың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасау. Елдің әр өңірінде партия белсенділері мыңдаған отбасыға жаңа оқу жылына дайындыққа көмек көрсетуде. Біз үшін бұл бірреттік акция емес, Президенттің балалар мен қиын жағдайға тап болған отбасылардың мүддесін қорғау жөніндегі бағытын қолдауға арналған жүйелі жұмыстың бір бөлігі», — деді ол.

Партияның 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасы аясында кемінде 1,2



млн жайлы оқушы орнын құру, үш ауысымды және апатты мектептер мәселесін толық шешу, сондай-ақ 3 мың оқу орнын жаңғырту көзделген. Биылдың өзінде бағдарлама аясында еліміз бойынша 83 мектеп салынды.

Сонымен қатар «Бақытты отбасы» жобасы шеңберінде 2024 жылы 37 мың отбасыға тікелей көмек көрсетілді, мемлекеттік қолдау шараларының орындалуын қадағалау мақсатында қоғамдық-партиялық бақылау ұйымдастырылды. Партия бастамасымен ашылған отбасын қолдау орталықтарында 500 ана балаларымен уақытша орналастырылды. Қазір мұндай орталықтар саны — 104. Сондай-ақ 3,4 мың әлеуметтік тұрғыдан осал отбасы құқықтық көмек алды.

ӘРБІР БАЛА САПАЛЫ БІЛІМГЕ ЛАЙЫҚ



Павлодар облысының барлық өңірінде «АМАНАТ» партиясының «Баланы мектепке дайындайық!» қайырымдылық акциясы өтті.

Акция аясында 500-ден астам жетім бала, мүгедектігі бар балалар және өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылардың балалары көмекке ие болды. Оқушыларға мектеп сөмкелері, кенсе тауарлары жиынтығы мен киімге арналған сертификаттар табыс етілді. Сондай-ақ балалар үшін ұтыссыз лотерея ұйымдастырылып, ешкім сыйлықсыз қалған жоқ.

Мектепке дайындық шарасы облыс орталығында ғана емес, ай-

мақтың барлық ауданында өтті. Мәслихат депутаттары мүмкіндігінше көбірек отбасын қамтып, балаларға сыйлықтарды өз қолымен табыстау үшін елді мекендерге барды.

— Балаларды және олардың отбасыларын қолдау — «АМАНАТ»

партиясының игі әрі жарқын мақсаты. Бүгін депутаттар облыстың барлық өңірінде акция өткізіп жатыр, жалпы қамту екі мыңнан астам отбасына жетті, — деді Павлодар облыстық мәслихат төрағасы, партияның өңірлік филиалының төрағасы Илья Теренченко.

«Баланы мектепке дайындайық!» — бірреттік шара емес, жаңа оқу жылы қарсаңында балаларға тең мүмкіндік жасауға және отбасыларды қолдауға бағытталған «АМАНАТ» партиясының жүйелі бастамасы. Акция аясында партияның қолдауымен республикамыздың барлық өңірінде балаларды мектепке дайындау шарасы сәтті ұйымдастырылып, көптеген бала мектепке қажет құрал-жабдықпен қамтылды.

Облыстық мәслихат депутаты, акцияның бас демеушісі Гнел Акопьян:

— Балаларға зор денсаулық пен оқуда табыс тілеймін. Біз алдағы уақытта да жыл сайын мектепке дайындыққа қолдау көрсетеміз, — деді.



НАРЫҚ



САПА мен СҰРЫП

Елімізде мал шаруашылығын өркендету, оның ішінде мал басын асылдандыру ісі ерекше маңызға ие. Бұл бірінші кезекте түлік тұқымының сапасын жақсартуға және өнімін арттыруға бағытталған біртұтас жүйе саналады.

А Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ, Қызылорда облысы

Мемлекет басшысының халыққа Жолдауында да ауыл шаруашылығы саласын дамытуға, әсіресе агроөнеркәсіп кешенін жетілдіруге басымдық жоғары. Соған орай саланы ілгерілетуге, шаруаларды қолдауға мемлекет тарапынан бөлінетін қаржы көлемі қомақты. Дегенмен бұл бағытта әлі де болса күнгейімізден көленкелі тұсымыздың басым болып тұрғаны байқалады. Жасыратыны жоқ, саланы өркендетуде атқаруға тиіс шаруа қыруар.

Бұл ретте Сыр салысымен аты шыққан Қызылорда облысында асылдандыру бағытында атқарылған жұмыс ауқымды. Өңірде ет және сүт бағытында өсіріліп жатқан түліктер тұқымы аз емес. Алайда асылтұқымды мал өсіріп отырған шаруаларды толғандырған мәселе әлі де шаш-етектен.

Алдымен Қызылорда облыстық Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы ұсынған мәліметтерге көз жүгіртіп көрейік. Басқарманың мәлімдеуінше, өңірде мал шаруашылығы бағытында атқарылған жұмыстың ауқымы кен. Соның ішінде, мемлекеттік

сүтті бағыттағы ірі кара шаруашылығын дамыту мақсатында Қызылорда қаласында «Қызылорда НК Құрылыс» ЖШС-ның бастамасын ерекше атап өтуге тұрарлық екенін жеткізді. Бұл серіктестікте 800 басқа арналған жылдық қуаты 6 мың тоннаны құрайтын тауарлы-сүт фермасын құру көзделіп отыр. Бүгінде келешек жобасы жеңілдетілген несиemen қаржыландырылып, 800 бас асылтұқымды голштин сиырын сатып алу үшін келісімшарт жасалған екен.

Ендігі кезекте мал шаруашылығымен айналысатын шаруалардың уәжіне құлақ түрсек, төрт түлікті түлету бағытында кесе-көлденең кездесетін қиындық аз емес көрінеді.

Жекелей айтып кетсек, әсіресе түлік төресі түйені түлетіп отырған Арал, Қазалы ауданының шаруаларын жемшөп мәселесі тығырыққа тіреп тұрғаны байқалады. Ал облыстың оңтүстік аудандарындағы кейбір шаруа қожалығында ветеринар тапшы. Жалпы, мал шаруашылығы саласында мамандар қат деген пікірде.

Сонымен қатар елімізде малдың жүні мен терісін игеру саласы кенжелеп тұр. Бұл тұрғыда Сыр өңіріндегі ахуал да малшы қауымын аландатады.

Жекелей айтып кетсек, әсіресе түлік төресі түйені түлетіп отырған Арал, Қазалы аудандарының шаруаларын жемшөп мәселесі тығырыққа тіреп тұрғаны байқалады. Ал облыстың оңтүстік аудандарындағы кейбір шаруа қожалықтары ветеринар мамандардың тапшылығы мазалайтынын жеткізіп қалды.

қолдаудың арқасында мал басы тұрақты өсіп, өндірілген өнім көлемінде өсім қалыптасқанын алға тартады.

«Жалпы, облыс бойынша 2025 жылдың 1 тамызына 425,4 мың бас МІҚ, 830,3 мың бас қой мен ешкі, 270,7 мың бас жылқы, 66 мың бас түйе және 126,8 мың бас құс тіркелген. Мал басы бытыр сәйкес кезеңмен салыстырғанда мүйізді ірі қара – 0,5, жылқы – 9,7, түйе – 1,2, құс – 1,2 пайызға артып, қой мен ешкі – 93,5 пайызды құрады. Сол сияқты 2025 жылдың 1 қаңтарында асылтұқымды ірі қараның саны 17,2 мың басқа жеткізілсе, асылтұқымды қой 234,9 мың басқа артып, асылтұқымды жылқы 3,3, асыл тұқымды түйе 0,4 мың басты құрады. Негізінен, өңірде мал тұқымын асылдандыру бағытында бірқатар жұмыс атқарылып келеді. Оның ішінде, сүтті бағыттағы ірі кара шаруашылығын дамытуда ілгерілеушілік бар», — дейді бұл жайында басқарманың мал шаруашылығын дамыту бөлімінің басшысы Дәулет Абдирасулов.

Бөлім басшысының айтуынша, сүтті бағыттағы ірі кара шаруашылығын дамытуда 2010 жылдан бастап облысқа қарасты Қазалы ауданындағы «Рша» АҚ-ның үлесі зор. Бүгінде аталмыш шаруашылықта 660 басқа арналған, қуаты тәулігіне 30 тоннаны құрайтын сүт-тауарлы фермасы жұмыс істейді. Сонымен қатар Жалағаш ауданында «Бағдаулет-57» ФК-ға Чехия Республикасынан 96 бас асылтұқымды сүт бағытындағы МІҚ сатып алыныпты. Қазір мұнда қуаты жылына 1000 тоннаны құрайтын тауарлы-сүт фермасын құру жұмысы қолға алынған.

Бұдан өзге, Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесі негізінде өңірде

ҚАЛТА ҚАҒАР ҚЫМБАТШЫЛЫҚ

Мектепке дайындық – әрбір ата-ана үшін жауапты кезең. Онымен қоса, көпбалалы отбасы үшін нағыз «бас аурына» айналатын шақ. Себебі жаңа оқу жылы басталған тұста оқушыға қажет тауар құны әдеттегіден қымбаттай түседі.



А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Алматы қаласы

БІР БАЛАМДЫ МЕКТЕПKE ӘЗІРЛЕУ ҮШІН 100 МЫҢ ТЕНГЕ КЕТТІ

Көп жағдайда ата-аналар балаларын мектепке әзірлеу үшін сауда дүкендерінен гөрі базарға барғанды жөн көреді. Себебі тауар құны салыстырмалы түрде арзан. Одан бөлек, киім-кешектен өзге кеңсе тауарларын түгендеу үшін кейбірі онлайн дүкендерден тапсырыс береді. Сондай тұтынушы ата-аналардың қатарында Алматы қаласының тұрғыны, екі баланың анасы Мәдина Ниязова да бар. Был тұңғышы алғаш мектеп табалдырығын аттады. Кейіпкеріміз баға қалтаға ауыр салмақ салмас үшін базарды араласа, кейбір қажетін онлайн дүкеннен сатып алған. Екі жылдан кейін екінші баласы мектепке баратынын айтқан Мәдина «Осындай қымбатшылықта екі баланы киіндіруді ойласам, кәдімгідей уайым басады», — дейді.

— Мен кеңсе тауарларын «Сәлем» көтерме сауда базарынан сатып алдым. Бұл өте тиімді бағаға шықты. Кеңсе тауарларына, киім мен аяқкиімге шамамен 100 мың теңге жұмсадым, себебі барлығын бірнеше данадан сатып алдым. Ал киімді «Кенжехан» базарынан, рюкзакты онлайн дүкеннен 5 мың теңгеге сатып алдым. Баланың барлық қажетін сапалы етіп алуға тырыстым. Ең қымбат бағадағы тауар жейде болды. Оның бағасы 15 мың теңге шықты, — деді Мәдина.

Онлайн дүкендерден жиі сауда жасайтын кейбір ата-аналар тамыз айына қарай тауарлардың бағасы екі есе өскенін байқаған. Осыған қарамастан олар қажетті заттарын онлайн-платформалардан сатып алғанды жөн көреді. Мысалы, «Детский мир» сайтында балаларға арналған сөмкелер 1 690 теңгеден басталады. Сөмкенің әу бастағы құны 2 490 теңге деп көрсетілген. Ал жасөспірімдерге арналған баға 4 490 теңге мен 26 990 теңге аралығында шарықтап тұр. Бұл сайттағы жеңілдік бағасын қоса алғанда шыққан сома екенін ескеру керек. Ал Kaspi қосымшасы ұсынған қазіргі баға кемі 2 500 теңгеден басталады. Қарапайым дәптерге келер болсақ, Kaspi қосымшасында бір дәптердің құны 28 теңгеден басталса, 20 дана жиынтығы 639 теңге тұрады. АВДІ дүкенінде бір дәптер 25 теңге, ал «Детский мир» сайтында 19 теңге мен 60 теңгеге дейінгі аралықты қамтиды. Marwin дүкенінде дәптердің бір данасы 200 теңге, 20 дана жиынтығы 1 600 теңге тұрады. Қарап тұрсақ, қазір онлайн-платформалардағы кеңсе тауарларының құны да айтарлықтай мәз емес.

ДОЛЛАР ҚЫМБАТТАСА, БІЗ ДЕ ЕРІКСІЗ БАҒАНЫ КӨТЕРЕМІЗ

Бірнеше жылдан бері кеңсе тауарларын сатумен айналысатын кәсіпкер Айгүл (ред — есімі өзгертіліп берілді) бағаның жыл сайын бұлай шарықтай беруі саудагерлердің қолындағы дүние емес екенін айтады. Оның сөзінен, егер мектепке арналған құрал-жабдықтарды ел ішінде өндіретін болса, бағасы да қолжетімді болар еді. Айгүл саудагерлер импортқа байланып отырғандықтан, бағаға әсер ете алмайтынын алға тартты.

— Бізге адамдар «Бағаны қолдан көтеріп отырсындар» деп ренжиді. Бірақ шындығында біз бағаны өз ойымыздан шығарып отырған жоқпыз. Иә, тауардың өз бағасының үстінен пайда қосамыз, бірақ ол да көп емес. Дүкенді ұстап тұру, жалға алу құны, салық бағасы сияқты шығынның бәрі осы бағаға қосылады. Базарда бәсекелестік бар, әркім тауарын арзан бағада сатуға тырысады. Бірақ тауарды тым арзанға берсек, өзіміз шығынға батамыз. Оның үстіне, доллар қымбаттаса, біз де еріксіз бағаны көтереміз, — деді Айгүл.

Осы тұста саудагерлердің тағы бір мәселесі — халықтың төлем қабілеті. Ата-аналар дүкен иесінен барынша ең арзан бағадағы тауарларды сұрайды. Тіпті,

арасында қарызға сұрайтын тұтынушылар да бар. Алайда Айгүл қарызға берген күннің өзінде тауарды тасымалдауға ақша жетпей, шығынға бататынын айтады. Өйткені салық пен жалға алу құны күттірмейді.

— Қымбатшылықтың басты себебі — көтерме баға мен логистика. Қағаз, картон сияқты қарапайым заттардың да бағасы қымбаттады. Біз тек нарыққа тәуелдіміз. Тағы бір қиындық — маусымдық сұраныс. Жыл бойы сатылым жоғары деңгейде бола бермейді, тамыз-қыркүйекте ғана дүрлікпе сауда жүреді. Сол кезде біз аз да болса пайда тауып, қалған айдың шығынын жабуға тырысамыз, — деді кәсіпкер.

Нарықта саудагерлердің тарапынан да бағалық келісім болады. Бізде тауар тасымалдаушылар, жеткізушілер, делдалдар өте көп. Олар да нарықтың құраушы бөлшегі. Арада бағалық келісімнің орнауы бағаның өсуіне әсер етеді. Сәйкесінше, халықтың жағдайына кері әсер етеді. Бұл ретте елімізде делдалдармен күрес болуы тиіс екенін айтқым келеді.

Қазіргі қымбатшылық жағдайда бір отбасының айлық табысының шамамен қанша бөлігі балаға оқу құралдарын сатып алуға жұмсалады? Бұл шығын орта тап пен әлеуметтік әлсіз топтарға қалай әсер етеді? Бағаның өсу қарқыны алдағы уақытта да жалғасуы мүмкін бе? Нарықтағы жағдайдың себеп-салдарын білу үшін сауалымызды экономист маман Мақсат Халыққа бағыттадық.

БІР БАЛАҒА КЕМІНДЕ 50-60 МЫҢ ТЕНГЕ ЖҰМСАЛАДЫ

Сарапшының есебінше, қазір елімізде бір баланы мектепке әзірлеу үшін кем дегенде 50-60 мың теңге жұмсалады. Экономист бұл ең төменгі көрсеткіш екенін атап өтті. Ал Қазақстандағы ең төменгі жалақының деңгейі — 85 мың теңге. Сонда салыстырмалы түрде жалақының шамамен 60 пайызы мектеп заттарын сатып алуға жұмсалады деген сөз.

— Қазақстанда 85 мың теңге жалақы алатын халықтың саны 2 миллионға жетеді. Дегенмен Үкімет табыстың өсіп, халықтың әлеуметтік жағдайы жақсарып келе жатқанын айтады. Тіпті, осыған байланысты орташа табыстың 400 мың теңгеге жеткені жөнінде ақпарат келтіреді. Бірақ оның барлығы арифметикалық түрде орташа жалақының көлемі. Шын мәнінде, Қазақстанда көбі 200 мың теңгенің манайында жалақы алып отыр. Бұл медиандық жалақының көрінісі, яғни халықтың көп бөлігі алатын жалақының көлемі. Егер отбасында кемі 3-4 бала бар болса, Үкімет

мұндай жалақы шығындарды жамай алмайтынын мойындауға тиіс, — деді экономист.

ОҚУ ҚҰРАЛЫНЫҢ КӨП БӨЛІГІ ИМПОРТТАН КЕЛЕДІ

Қоғамда теңгенің құнсыздануы мен доллар бағамының өсуі мектепке қажетті құрал-жабдық құнының артуына белгілі бір деңгейде ықпал етіп отыр. Мақсат Халық бұл құбылыс келешекте де жалғаса беретінін мәлімдеді.

— Теңгенің құнсыздануы, сөзсіз кеңсе тауарлары құнының өсуіне әсерін тигізеді. Өйткені оқу құралының көп бөлігі импорттан, әсіресе, Қытайдан келеді. Негізінен, тауардың барлығын доллармен алады. Ал доллар өскен кезде, сәйкесінше, тауардың бағасы қымбаттайды. Биыл жазда теңгеміздің әлсіреуі де мектеп тауарларының қымбаттауына ықпал етті деуге негіз бар. Былтырдан бастап елімізде тарифтерді өсіре бастады. Бұл отбасылық бюджетке едәуір салмақ салады. Биыл құны өсе бастаған жанармай бағасын алып қараңыз. Министрлік өкілдері де енді жанармай бағасын кезең-кезеңімен өсіретінін айқын айтты. Алда күз мезгілі келе жатыр. Егін оратын уақыт. Осы кезеңде бағалық келісімдер жүзеге асатынын атап өту керек. Бұл әлеуметтік маңызы бар тауарлардың қымбаттауына, түптеп келгенде халықтың төлем қабілетіне кері әсерін тигізеді. Одан бөлек, салық саясындағы соңғы өзгерістерге мән беріп қарасаныздар, келер жылдан бастап кем дегенде 4 пайызға өседі деген болжам бар. Бірақ қазірдің өзінде кәсіпкерлер тәуекелдің алдын алу үшін қызметтердің бағасын 10 пайызға өсіріп жатыр, — деді сарапшы.

ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТІЗБЕКТІ ЖОЛҒА ҚОЮ МАҢЫЗДЫ

Бағаның артуына инфляция мен импорт қана емес, нарықтағы ойыншылардың бағалық келісімі де әсер етеді. Дәлірек айтсақ, бірнеше ірі ойыншы өзара келісе отырып, тауардың минималды бағасын шектен тыс қымбат бағада ұстап



ӘЛЕУМЕТ

4 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

6 қыркүйекте елордада «Ариал» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен «Мықты әйелдер» халықаралық форумы өтеді. Ауқымды іс-шара іскерлігімен ерекшеленіп қана қоймай, бүгінгі мен ертеңіне алаңдайтын жанашыр әйелдерді бір арнаға тоғыстырады. Форум «Қазақстан халқы тілдері күні» мен «Отбасы күні» мерекесіне орай ұйымдастырылады.

Форумға әлемнің түкпір-түкпірінде биік мақсатына жетіп, табандылығы мен еңбегінің арқасында қазақ әйелінің білімді әрі қабілетті екенін халықаралық деңгейде танытып жүрген қандастарымыз қатысады. Оларға түрлі салада әріптестік пен серіктестік орнатып жүрген шетелдік сарапшылар да қосылмақ. Спикерлермен «Бұл форумнан не күтуге болады?», «Мықты әйел» дәрежесіне лайықты тұлғаның бейнесі қандай?, «Шетелде жүріп-ақ қазақ қоғамына, әйелдердің дамуына үлес қосуға не себеп болды?» деген сұрақтар төңірегінде ой өрбіттік. Бұл форум тек тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, сонымен бірге қазақ әйелдерінің жаһан деңгейдегі беделін арттыратын маңызды қадам екеніне көз жеткіздік.



Жиынға келетіндердің арасында қаржы саласының маманы Ділек Тас-темір-Қалқан бар. Ол Амстердамдағы америкалық компанияның қаржы бөлімінде жұмыс істейді. Оның айтуынша, мықты әйелдер бас біркі-

тірсе, қоғамның болашағын қалыптастыратын ең маңызды қадам жасалып, алынбайтын қамал болмайды.

«Біз әртүрлі елде тұрсақ та, жүрегіміз бір тілде сөйлейді: ол – туған жерге деген сүйіспеншілік, отбасына деген жылу және адамзатқа деген махаббат. Бұл – бәріміздің жүрек түкпіріміздегі ортақ қалау. Мен форумға жас толқынның сенімді әрі мықты болып қалыптасуына жол ашу үшін арнайы келдім. Мықты әйел – қандай жағдайда да тік тұра алатын, отбасы мен Отанына пайдасын тигізетін жан. Қайда жүрсекте, қазақ екенімізді, түркі жұртының ұрпағы екенімізді ұмытпауымыз керек. Өзге елдің тілін, мәдениетін құрметтеу маңызды, бірақ ұлттық болмысты жоғалтпаған абзал. Адамның ең үлкен сүйеніші – кім екенін білуінде және сонымен мақтана білуінде. Жастарды заман талабына сай тәрбиелеу, сонымен қатар ұлттық құндылықтан айырмау – ең маңызды міндет. Егер оларды саналы етіп тәрбиелесек, еліміздің келешегі жарқын болмақ. Қазақ жастары – батыл әрі ақылды. Олар технологияда, өнерде, спортта және ғылымда әлемді таңғалдыра алады, әлі де таңғалдыруға қауқарлы. Себебі бізде Ұлы Даланың еркін рухы мен заманауи дүниенің жарқын идеялары тоғысып жатыр. Осы екеуі жастарға талмас қанат береді. Мен



ӘЙЕЛДІҢ АСЫЛЫ – ІСІНЕН

екі қызымды да бір жағынан заманауи қоғамда жетістікке жететіндей, екінші жағынан өз құндылығын сақтап қалатындай етіп тәрбиелеп жатырмын. Ана үшін балаға болашақ сыйлау – ең үлкен міндет. Бұдан бөлек, бар білгенім мен тәжірибемді жастармен бөлісу, Қазақстанды халықаралық аренада мақтанышпен таныту – азаматтық парызым. Қайда жүрсем де, жүрегім әрқашан «қазақ» деп, «Қазақстан» деп соғады», — дейді ол.




Келесі спикеріміз — Мәншүк Сүгірова, Түркия университеттері бойынша кеңесші, білім менторы. Ол Алматы Энергетика және Телекоммуникация университетін «Өндірістік электроника инженері» мамандығы бойынша тәмамдаған. Кейін Мәскеуде РФ Президенті жанындағы Халық экономикасы және мемлекеттік қызмет академиясында «Ақпараттық жүйені басқару» мамандығы бойынша MBA дәрежесін алған. Мәншүк шамамен 17 жыл бойы Қазақстандағы халықаралық мұнай компанияларында ақпараттық технологиялар саласында еңбек етті. Бүгінде ол Түркияның Анталья қаласында тұрады. Түркияда өмір мен жоғары білім тақырыбында Nağika Түркіе блогын жүргізіп жүрген ол қазақстандықтарға Түркия университеттеріне түсу жолында жан-жақты қолдау көрсететін тәжірибелі кеңесші ретінде де кенінен танымал.

«Қазақтар бүкіл әлемді таңғалдырады» деп әсірелеудің де қажеті жоқ. Қазір әлем біртұтас жаһандық кезеңге аяқ басты. Ешкім ешкімнің ұлтына қарап таңғалмайды. Қазақ баласы әлемді таң қалдыру үшін емес, өз елін саяси және экономикалық тұрғыдан күшейтуге күш салуы керек. Қазақстанды бизнеске де, туризмге де қолайлы, қалалары таза әрі әлемді, сервис қызметі

жоғары дамыған, халқы қонақжай ел ретінде танытсақ, өзгелердің өзі-ақ қызығып келер еді», — дейді Мәншүк.

Түркияда тұрып жатқанына сегіз жыл болған отандасымыз қазір шетелдіктерге қатысты заңның өзгергенін айтады. Сондықтан оқуға келгісі келетін талапкердің міндетті түрде нақты әрі жана ақпарат алып, кеңесіп, заңдарын сақтай отырып, қадам жасауы қажет. Ол өз сөзінде тіл мәселесіне де тоқталды.

«Әлеуметтік желіде біраз қыз-келіншекті танымын. Өмірде қазақша сөйлесе де, блогын орыс тілінде жүргізетіндері бар. Ал қазақ тілі — халқымызды біріктіретін ең басты ұлттық құндылық, идея. Ұзақ жыл шетелде тұрғандықтан, менің қоғамға деген көзқарасым көбіне әлеуметтік желі арқылы қалыптасады. Дегенмен желідегі көрініске қарап, асығыс баға беру де дұрыс емес. Бірақ артық шашпалық пен «жұрт не айтар екен?» деген ойға тым берілетініміз жасырын емес. Сырт көзбен қарағанда бұл анық байқалып тұрады», — деп бөлісті ол.



Форум қонақтарының бірі — логист әрі қаржыгер мамандығының иесі, бүгінде Нидерланд Корольдігінің Гаага қаласында тұратын Кәмшат Демурова. Ол жиынға қатысуға ұсыныс түскенде қуана қабылдаған. Өйткені мұндай үлкен алаңда ой бөлісу — жеке тәжірибе ғана емес, өзгелерге танытатын сыйлау мүмкіндігі екенін атап өтті.

Кәмшаттың пікірінше, «мықты әйел» — тек көсінінде жетістікке жеткен жан емес. Ол — қиындыққа мойымай, бойында қазақ әйеліне ғана тән қайсар да өжет мінезін сақтаған бүгінгі күннің қаһарманы. Мұндай әйел отбасы, қоғам және ел алдындағы жауапкершілікті қатар алып жүріп, кез келген жағдайда шыдам

танытып әрі айналасына жігер береді. Сондай-ақ спикер шетелге қадам басқан әр қазаққа, ең алдымен, нені ескеру қажеттігі жөнінде айтты.

«Ең бастысы — тіл менгеру мен жана ортаға бейімделу қабілетін шыңдау. Шетелде жүріп, қазақ балаларының тілі мен мәдениетін ұмытпай сақтап қалуы қаншалықты қиын екенін көрдім. Сондықтан мен үшін ең өзекті мәселе — «ұлттық тілдің, ұлттық болмыстың сақталуы». Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылығымызды сақтай отырып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу — басты міндет. Сондықтан Еуропада көп жылдан бері тұрсам да екі балам қазақ тілінде жетік сөйлейді. Биыл ұлым Әли Алматыға балаларға арналған жаздық қисса-дастан жаттау лагеріне арнайы барып келді. Менінше, Қазақстанның артықшылығы — мәдениеті мен бай салт-дәстүрі, қонақжай пейілі. Ал кемшілігі — кейде білім мен еңбек нарығындағы жүйенің толық жетілмеуі, мүмкіндіктің бәріне бірдей әділ ұсынылмауы. Жана технология, ғылым, өнер саласында қазақтың баласы күллі әлемді мойындата алатынына сенемін.

“**«Мықты әйел» мәртебесі тек жеке жетістігімен ғана емес, қоғамға тигізген пайдасымен өлшенеді. Өз ісінде табысқа жетіп, айнала-сына қамқор бола алатын, өз білімін бөлісетін, өзгеге жол ашатын әйел — нағыз мықты жан.**»

Жат елде жүрген әр қазақ баласының миссиясы — ең алдымен, Қазақстанды шетелде жақсы қырынан таныстыру болуы шарт, — деп әңгімесін аяқтады.



Спикер форумда «Әйел және тұлға» тақырыбында ой қозғайды.

«Әйелді ең жақсы әйел ғана түсінеді. Әйелдің проблемасын әйел ғана жақсылап айта алады» дейтін ұстаныммен форумға қатысуға бел байладым. Менің ұғымымда мықты әйелдің өлшемі бар. Ол — өмірде өз орнын тапқан, тұлға болып қалыптаса алған, қоғамға, жалпы адамзатқа кішкентай болса да пайдасы тигетін жан. Әрине, кез келген нәзік жандыны қолымнан келгенше

қолдап және байланыс орнатуға дайынмын. Шетелде тұрғысы немесе оқығысы келетін жан елде тіл оқуды ертенге қалдырмаса екен. Бастысы, өмірдегі бағыты мен мақсатын анықтап алғаны дұрыс. Менің ойымша, әрбір шетте жүрген қазақ жылдар соңында елге оралып, қазақ топырағына табан тірейді. Шетелде тұру — елің мен сенің арандағы миллиондаған шақырым алшақтық қана. Әйтпесе, тамырымыз, кіндігіміз елде байлаулы. Сондықтан елге пайдамызды тигізсек, шетелде алған білімімізді шамамыз келгенше қазақ қоғамының игілігіне арнасақ деймін. Маңыздысы — шетелде жүрген әр қазақ — қазақ елінің амбассадоры. Сондықтан қара басымызды ғана емес, барлық жағынан қазақты таныту керек. Әрқайсымызға қарағанда «е-е», қазақ деген осындай халық екен ғой» деген таным-түсінікті беретіндей жауапкершілік арқапал жүргенімізді естен шығармау керек», — дейді Гүлшекер Хуанбай.



Форум аясында тағы бір туған еліне жат жерден мейман болып келген қазақ қызын әңгімеге тарттық. Ол — Махаббат Рамазанова. Португалия елінде Туризм саласында жоғары білікті маман. PhD дәрежесі, халықаралық тәжірибесі бар зерттеуші әрі оқытушы. Махаббат та мықты әйелдерге ерекше құрметпен қарайтынын, жиында ой-пікір алмасып, жана идея туғанын жеткізді. Бірнеше еуропа елдерінің (Испания, Португалия, Румыния, Ирландия) жетекші университетінде халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларында бой көрсетіп жүрген қазақ қызының болашағына біз де сәттілік тілеп қойдық.

«Менің ойымша, «Мықты әйел» мәртебесі тек жеке жетістігімен ғана емес, қоғамға тигізген пайдасымен өлшенеді. Өз ісінде табысқа жетіп, айналасына қамқор бола алатын, өз білімін бөлісетін, өзгеге жол ашатын әйел — нағыз мықты жан. Осындай айтулы шарада барша қазақ әйелінің басы қосылғанына қуаныштымын. Қазақ әйелін үнемі қолдауға дайынмын. Мен үшін туған елге үлес қосу — ең алдымен білім мен тәжірибемді бөлісу. Халықаралық жобалар арқылы Қазақстанның жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып жатырмын. Студенттерге жана мүмкіндік ашуға тырысамын. Сонымен қатар ғылыми-зерттеу жұмысымыз елдің тұрақты дамуына, туризмді дамытуға және жастардың әлеуетін көтеруге бағыттауды көздеймін», — дейді ол.

Қорыта айтқанда, бұл форумның қазақ әйелдері үшін берері мол. Әлеуметтік желі, республикалық медиа платформаларда да ауқымды шараның ұйымдастырылуы, кімдер келіп, қандай мәселелер талқыланатыны да жіпке тізгендей жазылып, халық назарына ұсынылып-ақ жатыр. Бастысы, дүниежүзіндегі мықты қазақ әйелдерінің басын бір арнаға тоғыстыруға шешім қабылдаған ұйымдастырушылардың тынымсыз еңбегі тасада қалмай, оң нәтиже болғай!

Әсел ЖАҚСЫБАЙ,
Қазақстан журналистер одағының мүшесі, Қазақ радиосының жүйрезуші-редакторы

«ЖАСЫЛ ЕЛ»: ТАБИҒАТТЫ ТҮЛЕТКЕН ЕҢБЕК



Астанада «Жасыл ел» студенттік құрылыс және жастар еңбек жасақтарының ХХІ еңбек маусымы салтанатты түрде жабылды. Конституцияның 30 жылдығына орай, сондай-ақ «Таза Қазақстан» республикалық акциясы аясында өткен жиында Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының қолдауымен «Республикалық студенттік құрылыс және жастар жасақтары қозғалысы» қоғамдық қоры ұйымдастырды.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары бағдарламасы 2005 жылдан бастап жүзеге асырылып келеді. Бағдарлама аясында еңбек маусымында жұмыс қарқынды басталып, өңір-өңірде мыңдаған жас қоршаған ортаны қогалдандыру, абаттандыру, тазарту жұмысына жұмылдырылады. Жоба шеңберінде еңбекке тартылған жастар тек ағаш егіп, көше сыпырып қана қоймай, табиғатты аялау мәдениетін үйренеді, экологиялық көзқарасы қалыптасады. Бұл бағытта елордалық штаб қала тұрғындары үшін үлкен әлеуметтік маңызы бар жұмыстарды атқарып, жаз айларында 14 пен 35 жас аралығындағы жастарды еңбекпен қамтып отыр. Астана қаласы бойынша

аталған бағдарламаға жыл сайын мыңдаған жас қатысады. Олар қогалдандыру, абаттандыру, саябақтар мен мектеп аумақтарын тазалау сияқты жұмысқа атсалысып, туған қаласының көркеюіне бір кісідей жұмылады.

Жыл өткен сайын «Еңбектің наны — тәтті, жалқаудың жаны — тәтті» екенін түсінген жастардың қатары артып келеді. Мәселен, жоба аясында 2022 жылы 1 200-ден астам жастар жұмыспен қамтылған болса, 2024 жылы жазғы маусымда 4 200-ден астам жас еңбекке жұмылған. Биыл 5 200-ден астам жасқа жұмыс берсе, олардың қатарында көпбалалы және әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары,

сонымен қатар ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар да бар.

Жобаны іске асыруға 100-ден астам серіктес ұйым атсалысса, олардың қатарында Bazis Construction ЖШС құрылыс компаниясы, «Астана-Зеленстрой» АҚ, жөндеу бірқатар құрылыс нысандарымен қаламыздың барлық бақ және саябақтары, 100-ден астам білім беру мекемелері, 20-ға жуық колледж және 10-нан астам жоғары оқу орындары еңбек нарығын қыздыра түскен.

— Мемлекет басшысы елімізде биылғы жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялаған болатын. Бұл — еңбекқор, мақсатшыл, талантты жастардың жана белестерге жетуіне жол ашар маңызды бастама. «Жасыл ел» — бұл жастардың қаламыздың қогалдандыру мен тазалығын сақтауға, жас ұрпақ бойына патриоттық және экологиялық тәрбие беріп, елдегі жұмыссыздық көлемін азайтуға, еңбек етіп дамуына және көпшілікке өзінің еңбекқорлығымен біліктілігін көрсетуге үлкен мұмкіндік беретін жоба. Жыл сайын осы бағдарламаны іске асыруға қала жастары мен студенттер, мектеп оқушылары белсенді атсалысуда, — делі Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері басқармасының өкілі Ерлан Нұрланұлы.

Жастар сарайында еңбек маусымының жабылу салтанатында жазғы жұмыстарға белсене қатысқан жастардың еңбегі бағаланып, «Үздік топ» аталымы бойынша үш мектеп, атап айтқанда, 56 мектеп-лицейі, 19 орта мектебі және 65 мектеп-гимназиясы марапатталды. Ал «Үздік командир» және «Үздік жауынгер» аталымы бойынша 14 жасөспірімге алғысхат пен бағалы сыйлық табысталды. Сонымен қатар балаларды осы жұмыстарға жұмылдыруға қолұшын берген мектеп мұғалімдері де марапатқа ие болды.

Бұл жоба 21 жыл бойы қаншама жасты еңбекке баулып, уақыттың қадірін білуге үйретті, сонымен қатар оларға қоршаған ортаның тазалығы мен оны қорғаудың маңызын түсіндірудегі үлесі зор. Жазғы демалыс мезгілі — жастар үшін тек тынығу уақыты ғана емес, сонымен қатар ел игілігіне еңбек етіп, табиғатты қорғауға атсалысатын маусым ретінде қалыптасып келеді.

Тілек ҚАБЫЛ

SEIFULLIN UNIVERSITY ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті «Білім күні» мерекесін жарқын жетістікпен қарсы алды. ҚазАТЗУ мемлекеттік білім беру гранттарын жеңіп алған талапкер саны бойынша республиканың жоғары оқу орындары арасында үшінші орынға ие болды.

Қабылдау науқанының қорытындысы бойынша университетке 6 700-ге жуық талапкер қабылданды. Оның 4 мыңнан астамы мемлекеттік білім беру грантының иегері атанды. Бұл Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетімен және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетімен қатар осы көрсеткіш бойынша үздік 3 жоғары оқу орнының қатарына кіруге мүмкіндік берді.

Бакалавриат бойынша оқуға 4 118 студент, магистратурада оқуға — 133, докторантурада оқуға — 67 адам грант алды. Сонымен қатар 47 талапкер Астана қаласы әкімдігінің грант иегері атанды.

Биыл ҚазАТЗУ барлығы 6 617 талапкер қабылдады. 5 824 адам бакалавриат бойынша оқуға, 214 адам магистратураға, 71 адам докторантураға түсті. Сонымен қатар бакалавриатқа 461 шетелдік студент түсті. «Жыл сайын біздің ҚазАТЗУ-ға түсушілер саны артып келеді. Бұл білім беру сапасын, оның жоғары беделін және түлектердің сұранысын көрсетеді. Өткен оқу жылында университетке бес мыңға жуық адам түсті», — деп хабарлады университет өкілдері.

Биыл он бірінші сыныпты үздік бітірген талапкерлерді қабылдауда жемісті болды. ҚазАТЗУ 148 «Алтын белгі» иегерін және үздік аттестаты бар 347 адамды қабылдады. Сонымен

қатар үздік оқушылардың ең көп саны — 167 адам — «Жер ресурстарын басқару, сәулет және дизайн» факультетін тандады.

Seifullin University — еліміздің экономикасы мен агроөнеркәсіптік кешенінің барлық саласына сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды даярлайтын іргелі оқу орны. ҚазАТЗУ қабырғасында 17 білім беру бағыты бойынша мамандар даярланады. 18 мыңнан астам студент сапалы білім алады.

Барлық бағыт бойынша маман даярлаудың білім беру бағдарламалары АҚШ, Түркия, Канада, Италия, Литва, Финляндия, Малайзия, Аустралия және басқа елдің жетекші бейінді университетімен бірлесіп әзірленген.

Быттыр университетпен өзара ынтымақтастық орнатқан 46 елдің Төтенше және Өкілетті елшісі келді. Сейфуллин университетінде 158 ғылыми және 25 халықаралық жоба жүзеге асырылуда.

ҚазАТЗУ жетістіктері халықаралық деңгейде танылды. QS беделді әлемдік рейтингінде ҚазАТЗУ 1 200-орынды, Азия университеттері арасында 281-орынды, ал Орталық Азияда 16-орынды иеленді. Бұл ретте Қазақстанда көшбасшылар үштігіне кіреді.

Университет басшылығы әлемнің үздік 500 университетіне кіруді мақсат етіп отыр.

Арай БАҚЫТ

АЙМАҚ

4 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ

ЖИЫН

АЗАМАТТЫҚ ФОРУМ:
МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМ АРАСЫНДАҒЫ ДИАЛОГ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда: «Мемлекет пен үкіметтік емес ұйымдардың серіктестігі өзекті мәселелерді шешуге, жасампаз құндылықтарды дәріптеуге және ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға ықпал етеді» деп атап өткен болатын.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Осы айтылған ұйымдардың қоғамға берері не? Бүгінде қалай жұмыс істеуде? Осы және басқа да сұраққа жауап іздеген форум өтті. Қарағанды облысының ішкі саясат басқармасы мен Қарағанды облысының Азаматтық альянсының ұйымдастыруымен Қарағанды экономикалық университетінде өткен «Азаматтық бастамаларды қолдау мен дамытудың заманауи тәсілдері» атты форум азаматтық бастамаларды талқылауға арналған алаңға айналды.

Форумға 120-ға жуық адам қатысты. Қатысушылар қатарында Көкшетау, Ұлытау облысы және еліміздің басқа да өңірінен келген қонақтар болды. Қарағанды облысының атынан билік өкілдері, Азаматтық альянс мүшелері және қоғам дамуына айтарлықтай үлес қосып жүрген тәжірибелі азаматтық белсенділер қатысты.

Осы серіктестікті нақты іске айналыру, азаматтық қоғам мен билік арасындағы көпірді бекіте түсу — форум жұмысының басты мақсатына айналды. Сонымен қатар форум шеңберінде азаматтық бастамаларды тиімді қолдауға арналған практикалық ұсынымдар әзірленіп, институционалды диалогті нығайту, азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар, мемлекеттік құрылымдар мен қоғам арасындағы әріптестікті дамыту мәселелері көтерілді.

Форумда Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелері, этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, қоғамдық кеңестер, жұмыс топтары, үкіметтік емес ұйымдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының өкілдері, журналистер,

блогерлер және белсенді жастар бас қосып, ұсыныс-пікірін ортаға салды. Жиынды ашқан Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей: — Халық сеніміне ие болып, билік пен қоғам арасындағы ынтымақарқауына айналдыңыздар. Демек, сіздердің әр бастама қоғамдағы әділдік пен тұрақтылықтың кепілі бола алды. Қазір елге қолдау көрсетіп, қиын сәтте қол ұшын созған адамдар ерекше қадір-қасиетке ие болды. Бүгінде дәл осындай миссияны үкіметтік емес ұйымдар аткарып отыр.

Өңірде үкіметтік емес ұйымдар қатысуымен бірқатар маңызды жоба жүзеге асуда. Мысалы, Теп Қоғам орталығы мүгедектігі бар жандар мен олардың отбасына қолдау көрсетуде, ал ҰЕҰ-ға арналған ақпараттық-білім беру орталығы — белсенді азаматтар үшін кездесу және ынтымақтастық алаңы болып отыр. Қоғамдық ұйымдар нашакорлық пен құмар ойынның алдын алу жұмысын жүргізуде, ал өңірдің эковолонтерлері «Таза Қазақстан» ауқымды акциясына қатысып жатыр, — деп атап өтті.

Қарағанды облысы Кәсіпкерлер қауымдастығының атқарушы директоры Серік Мәлібекұлы болса:

— Қарағанды облысында жыл сайын 200-ден астам әлеуметтік жоба мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс пен гранттық бағдарламалар аясында жүзеге асады. Бұл жоба аясында халықтың осал топтарын қолдаудан бастап, цифрлық сауатты арттыру, медиация және жастарға кәсіби бағдар беру жұмысы атқарылады. ҰЕҰ мен мемлекеттік құрылымдар арасындағы диалог ашықтық, жариялылық және тең әріптестік қағидатына негізделген. Мұндай тәсіл нақты нәтижелерге қол



жеткізуге, қоғам пікірін ескеруге және мәселелерге жедел әрекет етуге мүмкіндік береді. Бүгінде үкіметтік емес сектор өкілдері мәслихаттарда, қоғамдық кеңестер мен сараптамалық комиссияларда белсенді жұмыс істеуде, — делі.

Форум аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының үлгісінде қайырымдылықтың өнірлік даму құралы ретіндегі тәжірибесі, жасанды интелект пен цифрлық технологиялардың азаматтық сектордағы ықпалы, «КХА-ға 30 жыл — бірлік пен даму жолы» тақырыптары көтерілді.

«Қазақстан халқына» қорының қолдауымен облыста 68 мектеп заманауи жабдықпен қамтылып, STEM және робототехника кабинеті ашылған. Мұғалімдердің біліктілігін арттыруға арнайы қолдау көрсетіліп, білім сапасында айтарлықтай серпіліс байқалған. Осының арқасында оқушылардың үлгерімі орта есеппен 11%-ға, ал физика пәні бойынша 16%-ға жақсарды.

Сонымен қатар халықтың құқықтық сауатын арттыру, ҰЕҰ-ларды цифрлық әдістермен оқыту және жастар мен кәсіподақтардың болашақ серіктестігі жөнінде пікір айтылды.

Қазақстан Азаматтық альянсының президенті Бану Нұрғазиева үкіметтік емес ұйымдардың қоғамдағы рөліне кенінен тоқталды.

— Азаматтық қоғам деген не? Оған кімдер кіреді? Саяси партиялар, көсіподақтар, діни бірлестіктер, бұқаралық ақпарат құралдары және үкіметтік емес ұйымдар. ҰЕҰ-ның өзгелерден басты айырмашылығы — нақты іспен айналысуы. ҰЕҰ-лар қоғамның түйткілді мәселелерін шешуге атсалысады.

Қазір бізге ҰЕҰ туралы заң ауадай қажет. Бұл жайдан-жай көтеріліп отырған мәселе емес. Көп жылдан бері осы саланың майын ішкен мамандар ретінде бұл заңның маңызын дәлелдеп келеміз.

Сонымен қатар әр өңірде Азаматтық альянстың өз үйі, жұмыс істейтін өз кеңсесі болуы тиіс. Мәселен, Қостанайда бар. Қарағандыда да сондай орталық керек, — деді ол.

Ал Қарағанды облысы Азаматтық альянсының президенті, жергілікті діни бірлестіктер клубының модераторы, орыс этномәдени қоғамының жетекшісі, Дмитрий Полтаренко форумда сөйлеген сөзінде азаматтық қоғам үшін

заңнамалық қамтамасыз етудің өзектілігін нақты мысалдармен жеткізді.

— Біз жыл сайын азаматтық форумды дәстүрлі түрде өткіземіз. Былтырғы форум нәтижесінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы заңнамаға өзгеріс енгізілді. Талқыланған басты мәселе — қаржылық есепті заңсыз талап ету болды. Себебі кез келген шаруашылық субъект уәкілетті органдарға есеп береді. Тағы бір маңызды мәселе — әлеуметтік қорғау саласындағы қызметкерлердің өздері әлеуметтік қорғалмағаны. Бұл жағдай ҰЕҰ туралы заңның қажетін айқын көрсетіп отыр. Қазір жұмыс тобы бұл заң жобасымен белсенді айналысып жатыр. Біз оны осы жылдың соңына дейін Мәжіліске түседі деп үміттенеміз, — дейді ол.

Форумда басқа өңірлерден келген қатысушылар да өз ойларын ортаға салды. Ұлытау облыстық азаматтық альянсының төрағасы Әсем Асанханова тәжірибе алмасудың маңызын атады.

— Біз Қарағандыдан көп нәрсе үйреніп қайтпақпыз. Ұлытауда үкіметтік емес ұйымдар жеткіліксіз, тұрақты жұмыс істейтіндері аз. Сондықтан осы форумнан көрген-түйгенімізді алдағы 16 қыркүйекте өтетін форумда жүзеге асырамыз. Мақсатымыз — тұрақты жұмыс істейтін ұйымдардың тәжірибесін жастарға аманаттау, — деді Әсем Асанханова.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Гүлбара Сұлтанова да форумда сөз сөйлеп, маңызды мәселелерге тоқталды.

— Бүгінгі форумда көтерілген мәселелер алдағы республикалық форумда ескерілетін болады. Ел Президенті 2026 жылды «Халықаралық еріктер жылы» деп жариялауды ұсынды. Бұл бастама да қолдау тауып отыр. Арнайы жұмыс топтары құрылып, жұмыс басталды. Қарағанды облысындағы әріптестеріміз бұл бастаманы қолдайды деп сенеміз, — деді Гүлбара Бекетқызы.

Форумның екінші бөлігі секциялық отырыстарға арналды. Онда бірқатар маңызды мәселе жан-жақты талқыланып, ұсыныстар ортаға салынды. Шара Конституция күніне арналған кәсіби фотографтардың «Заманауи Қазақстан» атты фотокөрмесімен және ерекше білім беруді қажет ететін балалардың Кеншілер күніне арналған сурет фестивалімен түйінделді.

ДАМУ

Шымкент қаласында «Әлеуметтік-демографиялық даму» бағытында ауқымды жұмыстар атқарылып келеді. Бұл бағытта отбасы құндылығын нығайтуға, гендерлік саясатты дамытуға, ана мен баланы қорғау және әйелдердің қоғамдағы рөлін арттыруға баса назар аударылуда.

Назгүл НАЗАРБЕК,
Шымкент қаласы

ОТБАСЫ – ҚОҒАМНЫҢ
АЛТЫН ДІНГЕГІ

Жуырда Шымкент қаласында Конституцияның 30 жылдығына орай «Мерейлі 30 күн» жобасы аясында «Отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде «Отбасы құндылығы: кеше және бүгін» атты ашық есік күні өтті. Қоғамдағы отбасы институтын нығайту, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен сыйластықты арттыру, сондай-ақ ұлттық құндылықты дәріптеу мақсатында өткен іс-шарада тұрғындарға кеңес беріліп қана қоймай, олардың әлеуметтік, құқықтық және психологиялық тұрғыдан жан-жақты қолдау алуына мүмкіндік жасалды.

Ашық есік күніне түрлі сала өкілдері қатысты. Олардың қатарында әжелер кеңесі, Әділет басқармасы, Жас отбасылар кеңесі, кәсіби медиаторлар, «АМАНАТ» партиясының өкілдері, Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының мамандары, сондай-ақ полиция қызметкерлері болды. Әрбір қатысушы өз саласы бойынша құнды ақпарат ұсынып, көпшілікті толғандырған сұрақтарға нақты жауап берді.

Мәселен, заң саласының мамандары отбасылық құқыққа қатысты түсініктеме беріп, ажырасу, алимент өндіру, мүлкікті бөлу сияқты өзекті мәселелерді тарқатып айтып. Әлеуметтік қорғау саласының өкілдері көпбалалы отбасыларға, аз қамтылған жанұяларға арналған мемлекеттік жәрдемақы мен әлеуметтік қолдау шарасын түсіндірді. Жұмыспен қамту қызметкерлері жұмыс іздеп жүрген азаматтарға бос орын, қайта даярлау курсы және шағын несие алуын жолын ұсынды. Ал медиаторлар мен психологтар отбасындағы тұрмыстық жанжалды шешудің тиімді әдістері, өзара сыйластық пен түсіністікті қалыптастырудың маңызы

ҰЛТТЫҚ БОЛМЫСТЫҢ
АЛТЫН
АРҚАУЫ



жөнінде ой бөлісті. Кездесу барысында ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі, ұрпаққа ұлттық құндылықты сіңірудің жолы да кенінен сөз болды. Қатысушылар пікір алмасып, тәжірибесін ортаға салды. Әжелер кеңесінің өкілдері ұлттық дәстүр мен тәлім-тәрбиенің ұрпақ сабақтастығындағы орнын ерекше атап өтті.

Іс-шара соңында барша қатысушы бірауыздан отбасы қоғамының берік іргетасы екенін атап өтіп, мұндай игі бастаманың жалғасын табуы қажет деген пікір білдірді. Себебі отбасы — тек жеке адамның ғана емес, тұтас елдің тұрақтылығы мен болашағының кепілі. Ұйымдастырушылардың айтуынша, алдағы уақытта да Отбасын қолдау орталығы тұрғындарға арналған ашық есік күнін жүйелі түрде өткізіп, құқықтық, әлеуметтік және психологиялық бағыттағы көмек көрсету ісін жалғастыра бермек.

ӘЙЕЛДЕРҮШІН ҚАУІПСІЗ
ӨМІР САБАҒЫ

Үшінші мегаполисте нәзік жандардың құқықтық сауатын арттыруға, өз-өзін қорғау дағдысын қалыптастыруға арналып ұйымдастырылған тағылымды

қорғанудың қарапайым да тиімді тәсілдерін меңгеріп шықты. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай курстардың маңызы ерекше. Себебі ол әйелдердің тек құқықтық сауатын ғана емес, өз-өзін қорғаудағы сенімділігін де арттырды. Ең бастысы — қатысушылар алған білімі мен тәжірибесін өмірде қолдана алатын дәрежеге жетеді. Бұл бастама алдағы уақытта да жалғасын тауып, Шымкенттің әйелдер қауымына қауіпсіз әрі еркін өмір сүруге серпін бермек.

БАТЫР АНА — ЕЛ ҚАЗЫНАСЫ

Абай ауданында ел үшін ерекше маңызы бар қос мереке — Конституцияның 30 жылдығы мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай аудан тұрғындары ардақты тұлғалары, көпбалалы батыр ана Анар Жапабаеваға арнайы құрмет көрсетті. 91 жастағы Анар әже — елдің мақтанышы. Ол жас кезінен бастап елдің ауыртпалығын көтеріп, тылда тынымсыз еңбек еткен жанның бірі. Көпбалалы ана 14 құрсак көтеріп, бүгінде 100-ден астам немере мен 7 шөпшектің мейірімді әжесі атанып отыр. Бұл ұрпақ жаластығының, отбасының берік іргетасының айқын көрінісі.

Абай аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі, әділ билер кеңесінің төрайымы Орынша Тәжібаева батыр ананы мерекемен құттықтап, ізгі тілегін жеткізді. Ардагерге сый-сияпат табыстатып, көпшілік алдында оның ерен еңбегі мен өнегелі өмір жолына құрмет көрсетілді. Жүздесу кезінде Анар әже өзінің өмірлік естеліктерімен бөлісіп, соғыс жылдарындағы қиындықтарды, халықтың бірлігі мен қайсарлығы арқасында жеткен жеңістің калірін әңгімелеп берді. Әженің жүрекжарды

СӘН МЕН САЛТТЫҢ
ҮЙЛЕСІМІ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының бастамасымен «Әсем киім — әйел ажары» атты мұсылман әйелдерінің сән байқауында ислам талаптары мен ұлттық нақышты үйлестіре отырып, қыз-келиндердің киіну мәдениеті насихатталды. Сайыста кенсеге арналған киім, күнделікті образ, спорттық үлгілер және кешкі көйлектер ұсынылды. Шараға қатысқан жас дизайнерлер қазақы болмысты заманауи сән үлгілерімен ұштастырды.

21 жастағы Гүлнұр Бектурханова Nurly Collection топтамасын ұсынып, орамал таққан қыздардың да әдемі, заманауи әрі жинақы киіне алатынын дәлелдеді. Аймақтық кезең жеңімпаздары республикалық байқауда өз өңірінің намысын қорғайды. Бұл шара мұсылман әйелдеріне арналған отандық киім үлгілерін дамытуға серпін бермек.

Осылайша, Шымкентте отбасы мен әйелдер құқығын қорғау, ұлттық құндылықтарды насихаттау бағытында түрлі тағылымды іс-шара жүзеге асырылып жатыр.



4 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | БЕЙСЕНБІ



Көктем ҚАРҚЫН

Қазақ киносына соңғы жылдары түрлі жанрдағы тың туындылар қосылып жатыр. Соның ішінде Дархан Саркеновтің «Қолыңнан келсе, алып қаш» атты жаңа фильмі халықтың ерекше ықыласына бөленді. Комедия жанрында түсірілген бұл картина алғашқы аптасында-ақ көрермендерді күлкіге қарық қылып, кинотеатрлар кассасында рекордтық көрсеткіш жинады. Бірақ фильмнің құндылығы тек әзілде ғана емес, астарлай отырып, қоғамдағы түйткілді мәселелерді жеңіл жеткізе білуінде.

Фильм бір қарағанда әдеттегі махаббат пен отбасы төңірегіндегі жауыр болған мәселелерді баяндағандай көрінеді. Алайда оқиға желісінде қыз алып қашу, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушілік, өз өмірін нумерологтың болжамына байланыстыру, ажырасқан әйелдің таңдауы секілді күрделі тақырып өріледі. Көрерменді бірде күлдіріп, бірде ойландыратын да осы тұсы. Сондықтан шығар, комедияның басты ерекшелігі — өзекті проблеманы ауырлатып емес, жеңіл қалжың арқылы жеткізуінде. Бұл тәсіл көрерменге ой салумен қатар, қоғамдағы ескі көзқарас пен жана буынның таңдауы арасындағы қайшылықты көрсетеді.

**КЕЙІПКЕРЛЕР
ХАЛЫҚТЫҢ АРАСЫНАН АЛЫНҒАН**

Киноның сюжеті бойынша, Самал — 35 жасқа келген, ашық мінезді, қаржылық жағдайы жақсы, бірақ тұм ырымшыл әйел. Ол жасына қарамастан тұрмыс құруға асықпай, өмірін еркін, алаңсыз өткізгенді жөн көреді. Себебі Самалдың бірінші некелен аузы күйген. Оны бұрынғы күйеуі «бала көтере алмадың» деп кінәлап, тастап кеткен. Сөйкесінше, ол анасының емес, әрдайым ақыл сұрайтын көріпкел Розаның сөзіне сенеді. Осы уақытқа дейін жеткен жетістігі сол тәуіптің арқасында деп ойлайды. Самалдың бейнесі біздің қоғамға таныс. Жасы келгенше тұрмысқа шықпай жүрген бойжеткеннің біразы бақыты мен болашағын нақты өмірден емес, түрлі жорамал мен сан үйлесімінен іздейді. Олар шынайы қарым-қатынастан гөрі, «тағдырға жазылған белгіге» сенгіш келеді. Фильм осы



әлеуметтік құбылысты әзіл арқылы жеңіл жеткізген. Роза Самалға ерекше «тағдырлы хабарын» айтады: егер ол жакында өзінің болашақ жарына жолықпаса, өмір бойы бақытсыздыққа ұшырайды екен-мыс. Әрине, Самал бұл сөздерге сенеді. Жанына жігерлі, біртбеткей, бұрынғы спортшы Сезім және жұлдыздарға шексіз сенетін, әзіл-қалжыны көп астролог Света құрбысын алып, көріпкел айтқан ауылға жолға шығады.

Олар таңғаларлық оқиғаларды бастан кешіп, тылсымға толы белгілерді тәпсірлей жүріп, шағын көлге жетеді. Барлық ишара оларды Бакыт есімді қарапайым, бірақ адал, жүрегі таза ауыл жігітіне алып келеді. Ол да отбасын құрмаған, алайда өмірге көзқарасы мүлдем бөлек — салмақты, сабырлы, ауылдан ұзап ешқайда шықпаған адам. Самал оған көріпкелдің айтқанын ашық жеткізеді. Бакыт барынша күліп, бұл «тағдырлы спектакльге» қатысудан үзілді-кесілді бас тартады. Ол өмірлік жарын ешкімнің болжамы арқылы емес, жүрек қалауымен таңдайтынын айтады.

Алайда күтпеген жағдайлар, Сезім мен Светаның араласуы Бакытты алып қашумен аяқталады. Иә, иә, кинода қызды емес, қыздар



Былытыр Қазақстанда 123 600 неке тіркелсе, 40 500 отбасы ажырасыпты. Өкінішке қарай, кейде «ажырасқан әйелдің тағдыры сәтсіз» деген көзқарас кездеседі. Бұл – ескірген түсінік. Қазіргі қоғамда екінші рет бақытын тапқан отбасы өте көп.

жігітті алып қашады. Осылайша, Бакыт бір рет Роза тәуіпке жолығып, болжамды өз құлағымен естісін деп қыздар тәуекелге бел буады. Екі жастың арасында бастапқыда қактығыс көп болса да, уақыт өте келе шынайы сезім үшқыны байқала бастайды. Жалпы, фильмнің табысты шығуына актерлер ойынының шынайылығы да ықпал еткен. Әр кейіпкер өз орнын дәл тауып, күнделікті өмірдегі таныс адамдарды еске салады. Әсіресе, Айшолпан Байтүгел (Сезім) мен Зарина Карменнің (Самал) образы көрермен жүрегінен орын тапты. Олар арқылы қазақ қоғамындағы әйелдің рөлі мен таңдауы айқын көрсетілгендей.

— «Қолыңнан келсе, алып қаш» киносындағы Қанаттың ойыны ұнады. Зарина Кармен екеуінің тандемі керемет шыққан. Есте қалған диалогтар

көп. Импровизация сияқты репликалар бар. Сценарийі оңтүстіктің менталитетіне сай сөздермен ауызекі тілде жазылған. Маған қатты ұнады. Фильмнің басынан соңына дейін күліп отырдық. Көңілімнен шыққан сюжет — көже үшін қуып келген адамдар болды, — дейді режиссер Жандос Құсайын.

**КҮЛКІ – ЕМ,
КИНО – ОЙ САЛУ
ҚҰРАЛЫ**

Ендеше «Қолыңнан келсе, алып қаш» жай ғана күлдіру үшін түсірілген туынды емес. Әзіл арқылы айтылған әрбір ситуация

көрерменді бір сәтке болса да ойлануға жетелейді. Мәселен, жол полициясына дәрекілік көрсетіп, темір торға камалған сәтте Бакыт: «Ажырасқан әйелге үйленіп, ауылдағыларға «қарабет» болғым келмейді. Сен бір күйеуден ажырастың. Құдай біледі, екінші отбасының да берекесін кетіресің. Анасы мен ұлының арасына «от» салатын, мына, сендейлер!...» — деп Самалға ауыр сөз айтады. Сонда қыз қоғамның ажырасқан әйелдерге көзқарасының осындай екенін айтып: «Туыскандарың не айтады деп емес, өзің үшін үйлен! Ертен сен тұрасың онымен, туыскандарың емес. Әйел — сенің отбасың», — деп нүкте қояды.

Былытыр Қазақстанда 123 600 неке тіркелсе, 40 500 отбасы ажырасыпты. Өкінішке қарай, кейде «ажырасқан әйелдің тағдыры сәтсіз» деген көзқарас кездеседі. Бұл — ескірген түсінік. Қазіргі қоғамда екінші рет бақытын тапқан отбасы өте көп. Бастысы, адам өзін кінәлі сезінбей, өткенін артта қалдырып, жана өмірге сеніммен қадам баса білуі керек. Ажырасқан қыздар да толыққанды, бақытты отбасы құра алады. Міне, фильмнің көрерменге айтқысы келгені дәл осы ой.

— Қазір қоғамда ажырасқан әйелдерге көзқарас басқаша. Бірақ біз олардың өмірінің ауыртпашылығын көрсетіп, ажырасу деген таңба емес

екенін көрсеткіміз келді. Әр әйел өзінің бақытын табуға тиіс, — дейді креативті продюсер Азамат Рзағалиев.

Фильм бар болғаны бір айға жуық уақыт ішінде түсірілген. Бірақ қысқа уақытқа қарамастан, түсірілім тобы әр сахнаны шынайы әрі шымыр қылып шығаруға тырысқан. Дегенмен киносыншылардың комедияға артар сыны да бар. Ербол Ташкеевтың пікірінше, басты кейіпкер өмір көрген, ажырасқан әйелге мүлдем ұқсамайды. Аңғал, жас қыз сияқты.

— Зарина Карменнің ойынына ешқандай мін тақпаймын. Бірақ оның кейіпкері сценаристердің «қуыршағы» болып қалған сияқты. Әзілдер кейіпкердің мінезіне, өткен өміріне емес, тек сыртқы факторларға ғана құрылған. Маған ұнамаған тағы бір жайт — Светаны ұлты орыс актриса ойнауы керек еді. Өйткені сценарий оның басқа ұлт екенін айқындап тұрса да, ойнаған актриса Жанася Мұратбекқызының ойынына сене алмадық. Фильмнің соңында басты кейіпкер қоғамдағы ажырасу мәселесін көтереді. Бұл жерде «жігіттің жүрегін жаулау үшін қыздың мұн-зарын айтуы қаншалықты керек?» деген сұрақ туындады. Бұл сахнаны пафос, артық деп санаймын. Қазақстандағы кино операторларда ізденіс жоқ. Соңғы кездегі фильмнің барлығы бірдей кадрда түсіріліп жүр, — дейді әлеуметтік желіде белсенді киносыншы Ербол Ташкеев.

Фильм прокатка 21 тамыз күні шығып, бірден аптаның үздік ондығына енген. Freedom Ticketon ұсынған мәліметке сәйкес, фильмдер ішінде отандық туынды көш бастап тұр. «Қолыңнан келсе алып қаш» — аптаның абсолютті көшбасшысы. Бірінші аптаның өзінде 432 302 325 теңге жинап, кассалық рекорд орнатты. Бұл комедия жанры көрермен жүрегінен орын тапқанын дәлелдеді. Ал осы мақаланы жазып отырған сәтте, фильм тура 1 миллиард касса жинағанын естідік.

**ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖАЗУ ЛАБОРАТОРИЯСЫ**

Астанада әдебиетсүйер қауымды қуантатын «Классик ұстаханасы» атты жоба басталды. Жоба Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы мен Қазақстан Жазушылар одағы Астана филиалының ұйымдастыруымен іске асып жатыр. Бұл жоба қазақ әдебиетінің классик қаламгерлерінің лекциясын тыңдап, көкейде жүрген сан сауалға жауап алуға мүмкіндік береді. Лекцияны Астана жұрты емес, елдің түкпір-түкпірінде жүрген кез келген жан тыңдай алады. Қарымды қаламгерлердің тұщымды әңгімесі, оқыған лекциясы таспаға жазылып, YouTube арнасында жарияланады.



Алғашқы лекцияны қазақ әдебиетінің классигі Төлен Әбдік «Жазушы лабораториясы» тақырыбынан бастады. Әдебиеттегі аға буын өкілі мен жас жазарман, оқырманның басын қосқан жиын SINTEZ театрында өтті. Алдымен жоба ұйымдастырушысы, ақын Бауыржан Бабажанұлы лекция маңызын түсіндірді.

— Әдебиетіміздің алыптары дүниеден озған сайын «өйту керек еді, бұйту керек еді» десіп, санымызды соғып қалатынымыз бар. Бірде-бір классигіміздің лекциясын жазып алмаппыз. Анда-мұнда жазып алған қысқа сұхбаттарға мәзбіз... Сол олқылықтың орнын толтыру үшін «Классик ұстаханасы» жобасын бастадық. Бүгінгі лекцияда Төлен аға жазуға қай кезде отырады, күніне неше бет жазады, «Оң қолды», «Әке» шығармасын жазғанда қандай күй кешті?» т.б. түрлі сұраққа жауап ала аласыздар, — дейді Б.Бабажанұлы.

Ұйымдастырушылар жоба енді-енді тәй-тәй басып, алғаш қадам жасап жатқандықтан, лекцияға шағын топ жиылады деп болжаған екен, тіпті адам аз келеді деп ойлаған. Сол себепті де 75 орынды театрға өткізуді жоспарлаған екен, алайда лекция біз ойлағаннан бөлек деңгейде өтті. Жазушы тәжірибесі жөнінде білгісі келетін жастарда есеп жок, бірі баспалдаққа жайғасып, енді бірі есік алдында тұрып жазушының әңгімесін тыңдады.

Төлен Әбдік алғаш қалам ұстаған сәтінен бастап, «Қонақтар», «Оң қол», «Тозақ оттары жымындайды», «Әке», «Көктерек» әңгімесі, «Парасат майданы» сынды шоктығы биік шығармаларын қалай жазғаны, жазу барысы жайында қызықты әңгімесін айтып, тәжірибе бөлісті. Бала шағынан бастап бүгінге дейінгі ғұмырының жастарға сабақ болар тұсын да сөз етіп, қаламдас достарының шығармашылығы жөнінде тереңнен талдады. Жазушы «Өліара» романын жазуда уақыт жағынан қиналып, қандай тәртіппен жұмыс істегенін де әңгімелеп берді.

— «Өліара» романын жазар кезде қатты қиналдым. Ауырып жүріп, біраз уақытымды өткізіп алдым. Ол кезде кітап жоспарда тұрады, шығарманы уақытылы өткізу керек. Содан кешкі сегізден бастап жазуға отырамын, кешкі сегізден таңғы сағат сегізге дейін жазатынымын. Адам қатты қиналған кезде, жұмыс істеуге деген қабілеті күшейе береді. Солайша 10 күн ішінде жазып шықтым. Кейін ойлансам, әр түнде 10-11 беттей жазған екенмін, бірақ өмір бойы олай жазу мүмкін емес. Жалпы, өте көп жазатын адам емеспін. Жазатын сөзімді іштей толық қорытып, идеяны дәл айқындай алмай, жазу үстеліне отырмаймын, — дейді классик жазушы.

Әлбетте, белгілі қаламгердің шығармашылық жолын бір сағатта тауысып талқылау мүмкін де емес. Бір қызығы, 4 қыркүйек — Төлен Әбдіктің туған күні. Ұйымдастырушылар лекцияны кездейсоқ уақытта жоспарлағанын, ерекше сәйкестіктің болғанын да қуана жеткізді. Алда әдеби жоба дами түспек, қарымды қаламгердің лекциясына қайта оралармыз.

Айсұлу СЪЕЗХАН



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4637
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,